ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№95 (3420) 30 қараша 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

«Елімнің тағдыры – менің де тағдырым» деп білетін барлық қазақстандық патриоттар үшін ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың орны ерекше.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарындағы елдегі ауыр жағдайды аға буын, орта буын бәрі бастан кешірді. Жоқшылық пен тапшылықтан тарығып, тіршілігі тоқтаған ауыл жұрты үдере қалаға көшті. Әлдекімдердің шамасы ірі орталықтарға қоныс аударуға жетті. Оған шамасы жетпегендер елсіз, егесіз шағын қалашықтарды паналап, оны қарбаласқа толы үлкен ауылға айналдырды.

Қалай күн көрдік? Не жарық жоқ. Не жылу жоқ. Не су жоқ. Не жалақы жоқ. Балконға қойған пешке ескі-құсқы аяқ-киім жағып, ас-ауқат пісірген күндер ұмытылар ма?!

(Соңы 4-бетте)

Баспасөз – 2022

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»**, **«Заң», «Фемида»** *басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.*

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ **«Заң газеті»**
жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ **«Юридическая газета»**
жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ **«Заң» журналы** – 75849
✓ **«Фемида»** – 75858

Байланыс телефоны: *8 701 276 8989*

zanreklama@mail.ru

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Берік БЕКЖАНОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«АШЫҚ АЙТПАСАҢ, ХАЛЫҚ АШЫНАДЫ»

– Берік Айдарбекұлы, алдыңғы сессияда құқық қорғау саласына қатысты қандай заңдар қабылданды? Бұл құжаттар халықтың тыныштығын қорғауда тиімді нәтиже берді ме?

– Биыл шілде айына дейін біздің комитетте 30 заң жобасы қаралып, оның ішінде 13-не Парламент депутаттары бастамашылық жасады, 17-сін Үкімет енгізді. Соның ішінде ең маңыздыларын ғана айтайын. Мысалы, рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша заңға толықтырулар енгізілді.

(Соңы 5-бетте)

СҮЙІНШІ!

АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНДА ЖАҢА ТӨРАҒА

Республикалық адвокаттар алқасына жаңа төраға тағайындалды. Бұл додаға қорғаушылар қауымының үлкен дайындықпен келгені белгілі. Өйткені тәуелсіз құрылымның беделін көтеретін, жұмысын жандандыратын жаңа төрағаның керектігі бұған дейін талай сөз болған еді. Әрі бұл міндетті атқаратын адамның адвокатураның өз баласы болуына айрықша маңыз берілді. Өйткені, саланың жетістігі мен кемшілігін жетік білетін маман ғана алқаны алға сүйрейтіні күмәнсіз. Соған орай, республикалық адвокаттар алқасының ісін ілгерілетемін деген үміткерлер додаға қатысып, өз бағдарламаларын әріптестеріне ұсынған болатын.

Төраға болуға талпыныс жасаған жандардың саны бесеу. Олар: Есберген Алауханов, Айдын Бікебаев, Айман Умарова, Мейрам Шаймерденов, Әсел Тоқаева. Бәрі де заң саласында, адвокаттық қызметте өзін сынаған, осы саланы ішінен білетін жандар. «Заң газетінде» осы үміткерлердің сайлауалды бағдарламаларына шолу жасалып, арнайы мақала да жазылған болатын. Сонымен бірге, заң, құқық, адвокатура саласында еңбек ететін мамандардың да пікірін сұрап, лебіздерін тыңдаған едік. Біз тілдескен мамандардың көпшілігінің таңдауы сол кездің өзінде Айдын Бікебаевқа түскен-ді. «Адвокаттар алқасының бет-бейнесі бола алатын, айналасына сөзі өтімді, беделі бар, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары үміткер керек» деген мамандар дәл осы қасиеттердің Айдын Бікебаевтан табылатынына сенімді болды. Және бұл пікір өзге де адвокаттардың ойымен үндескені белгілі.

Енді міне көптен күткен сайлауда Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болып Айдын Бікебаев сайланды. Үлкен өмір мектебінен өтіп, тәжірибе мен теорияны теңдей меңгерген Айдын Жолшыұлының бүгінге дейін қол жеткізген жетістігі аз емес. Бастаған ісінен лайықты нәтиже шығара алатын талапты азамат Адвокаттар алқасының жұмысын да жаңа биікке көтереді деп сенеміз! Ісіңізге сәттілік, жаңа төраға!

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ, «Заң газеті»

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУҒА ҚАРЖЫ ЖЕТКІЛІКТІ БӨЛІНЕ МЕ?

ОЙТАЛҚЫ

Ә́зімбай ҒАЛИ, саясаттанушы:

– Жалпы мектеп интернаттардың оқушыларынан бастап, әскери оқу орындарының курсанттарына дейінгілердің тамақтандырылуына біздің елімізде бюджеттен жеткілікті қаржы бөлінеді. Ол бұрыннан-ақ ғылыми түрде негізделіп, қабылданған арнайы нормативтер бойынша заң аясында жүзеге асырылады. Оны құзырлы органдар шағым түскен жағдайда тексеріп, қадағалап отырады. Сондықтан мұндағы мәселенің бәрі әрдайым бөлінген қаржыны үнемдеу мен оны жымқырудан туындайды.

Өз басым курсанттар мен түрмедегі сотталғандарды тамақтандыруға бюджеттен қаржы бөлуде айтарлықтай айырмашылық бар деп ойламаймын.

Болашақ маманның күші оның рухына байланысты десек те, оны шыңдауда сапалы да құнарлы азық-түліктің орны ерекше екенін ешкім жоққа шығармайды. Өкінішке қарай, бізде курсанттарға қарағанда сотталған адамдардың тамағына бөлінетін қаржы көбірек болып тұр. Бұл туралы сарапшылар да өз ойын ортаға салған еді.

Елеужан СЕРІМОВ, заң ғылымының кандидаты, «Bolashaq» академиясының доценті:

– Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» жоспарының 33-қадамы қылмыстық-атқару жүйесіне арналған. Ерінбей-жалықпай қарап шықсаңыз, бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандарды ұстау ішкі істер органдарының маңызды міндеттерінің бірі саналатынына көз жеткізесіз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі делінген.

(Соңы 3-бетте)

БАҒДАР

ҰЛТТЫҚ ЖОБАДАН ОҢ НӘТИЖЕ КҮТЕМІЗ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Биыл Тәуелсіздікке 30 жыл. Осы күнге дейін жеткен жетістіктерімізге сарабдал саясат пен сындарлы реформалардың, сапалы жоспарлардың көмегі көп болғаны ақиқат. Дегенмен, мемлекетті ілгерілетуге, дамытуға бағытталған жоспарлардың жүйелі, сауатты құрылуына ғана емес, халықтан қолдау табуына да назар аудару керектігін өмірдің өзі айқындап отыр. Себебі, халықтың көңілінен шыққан, халық сенетін жобалардың орындалуы тез, нәтижесі жоғары. Сондықтан «Халық үнін еститін Үкімет» өзі жоспарлаған істерде міндетті түрде көпшіліктің талап-тілегін, ұсыныс-лебізін басты назарға алғаны жөн.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында он ұлттық жобаны бекітті. Еліміздің дамуына серпін беретін бұл маңызды жобалардың сапалы орындалуын бақылау Президент Әкімшілігіне жүктеліп отыр. Бұған дейін тізбеге 20 ұлттық жоба ұсынылған еді. Алайда оларды біріктіріп, оңтайландыру жолымен негізгі 10 жоба іріктелген. Соның ішінде «Дені сау ұлт», «Білімді ұлт», «Ұлттық рухани жаңғыру», «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс», «Кәсіпкерлікті дамыту», «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері», «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу», «Жасыл Қазақстан», «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту», «Қауіпсіз ел» ұлттық жобалары бар. Елді елендетіп отырған іргелі жобалардың негізгі міндеті – экономика тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін одан әрі күшейтуге, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Қазіргі кезде әр министрлік өзіне жүктелген жобаларды жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыстарды бастап кетті.

Осы қатарда «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу» ұлттық жобасы да бар. Жоба шеңберінде негізгі үш бағыт қамтылады. Оның біріншісі бұл шикізаттық емес секторға инвестициялардың өсуіне, сондай-ақ құн жасаудың жаһандық және өңірлік тізбектеріне кіру негізінде экономиканы әртараптандыруға бағытталған. Ал екінші бағыт – өнімділігі жоғары жұмыс орындарын құру арқылы халық табысының өсуіне қол жеткізуді көздейді. Үшінші бағыт шеңберінде – төмен көміртекті даму трендін ескере отырып, ЖЭК базасында электргенерацияның озық дамуын реттеу жоспарланып отыр.

Осындай ауқымды жобалардың сәтті жүзеге асуына білім ордаларының да қосатын үлесі аз емес. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұлттық жобаларды ғылыми тұрғыдан қолдауға, оған қажетті мамандар дайындауға көмегін тигізеді. Біздің ғалымдарымыз жобаларды орындауда кездесетін артықшылықтар мен кемшіліктерді, табыстар мен шығындарды сараптауды меңгерген. Сонымен бірге, қазір дәрістер мемлекеттің саясатын, ұлттық жобаларын, стратегиялық жоспарларын назарға ала отырып жүргізілетіндіктен, шәкірттерге мұндай күрделі шаруалардың қалай жасалатыны, оң нәтижеге қол жеткізудің мүмкіндіктері толық түсіндіріледі. Біздің түлектеріміз өз саласының білгірі ғана емес, мемлекетінің патриоты да болуы керек. Елге деген махаббат үлкен ерліктер тудыратынын көзіміз көріп жүр.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры,
заң ғылымдарының докторы

МІНБЕР

АЛҚАБИЛЕР СОТЫ ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ?

Қазақстан Республикасында алқабилер сотының пайда болуы – тәуелсіздік алған кезден бастап әлемдік талапқа сай құқықтық мемлекет құруға жасалған ұмтылыстың нәтижесі. Жалпы, құқықтық мемлекеттің басты қағидаттары сот әділдігінің заң шеңберінде атқарылуынан, сотқа барша халықтың қолжетімділігінен көрінеді. Сол секілді халықтың сот төрелігін жүзеге асыруға қатысуы мемлекеттің демократиялық бағытта дамуының бірден-бір көрсеткіші болып есептеледі. Өйткені, бұл үрдіс онда қабылданған шешімнің заңдылығымен қатар әділетті болуына да ықпал етеді. Сотталушы өз ісін алқабилердің қарауына беру туралы өтінішті қылмыстық іспен танысу барысында жасай алады, не алдын ала жасалатын тыңдаулар барысында, яғни соттың негізгі талқылауы алдында өз өтінішін білдіреді.

Алқаби – сіздің қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарында атқарғалы отырған борышыңыз бен міндетіңіз болып табылады. Алдымен алқаби ұғымына қысқаша түсінік бере кетейік. Алқаби – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы. Оларға Қылмыстық-процестік кодексте белгіленген тәртіппен қылмыстық іс бойынша сот төрелігін жүзеге асыруға қатысу жөніндегі өкілеттіктер берілген және олар бір-бірімен тең мәртебеге ие.

Жергілікті атқарушы органдар жыл сайын алқабиге кандидаттардың бастапқы, бірыңғай және қосалқы тізімін жасайды. Олар мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен азаматтардан алқабиге кандидаттарға қойылатын талаптарға азаматтардың сәйкес келуін тексеру үшін қажетті ақпаратты сұратуға құқылы. Алқабилер тізімін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған; өтелмеген не алынбаған соттылығы бар; сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар; судья, прокурор, тергеуші, адвокат, мемлекеттік қызметші мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері; психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін затты тұтынуға байланысты аурулар бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар кандидаттар тізіміне енгізілмейді. Бұл тізімге азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді. Сондай-ақ қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін адамдар; өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндетін атқаруға қабілетсіз адамдар; алпыс бес жастан асқандар; діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша алқабиге кандидаттар тізімінен алып тасталады.

Ал заңға сәйкес, алқаби өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға; процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға; заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға, сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы. Сонымен қатар, сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға; алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ, егер сот отырысында үзіліс жарияланған немесе істі тыңдау кейінге қалдырылған жағдайда, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге; сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Алқабилердің кәсіби соттардан айырмашылығы, олар арнайы білім, теорияға сүйенбей-ақ, істі мәнісі бойынша өмірлік тәжірибеге сүйеніп шешуге тырысады. Олар қоғам мен қарапайым халықтың мүддесін қорғайды және адамгершілік, ар-ождан, мораль, тәжірибеге сүйеніп шешім қабылдайды.

Бақыт ЕРМАХАНОВ,
Батыс Қазақстан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты төрағасының міндетін атқарушы

ТАРИХ

ОН СЕГІЗ МИНУТТА ШЕШІЛГЕН ТАҒДЫР

Алматының аппақ қары аппақ сезімнің куәсіндай көрінеді. Кіршіксіз қар қашанда адамды қуанышқа бөлейді емес пе? Бірақ бұл жыл қара суығымен көңілге кірбің ұялатты.

1986 жылы 16 желтоқсан күні небәрі 18 минутта өткен Қазақстан Орталық Комитетінің бесінші Пленумында Дінмұхаммед Қонаев «өз еркімен» қызметінен босап, Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшылығына республика халқына мүлде таныс емес, қазақ халқы туралы еш хабары жоқ В.Колбин «сайланды». Ертеңіне орталық алаңға лек-легімен ағылған жастар бейбіт шеру арқылы Орталықтың кадр саясатын дұрыс жүргізбей отырғандығына наразылық білдірді. «Қазақстанға – қазақ басшы!», «Әр халыққа – өз көсемі!», «Ешбір халыққа артықшылық берілмесін!» деген ұранмен, «Менің Қазақстаным» әнін айтып алаңға шықты. Ұлт саясатын дұрыс жүргізуді, ұлттық тіл мәдениетінің дамуына қамқорлық жасауды, ұлттық саяси қайраткерлердің басшылық орындарында лайықты лауазымға ие болуына назар аударуды талап етті. Жастар өздерін толғандырып жүрген мәселелерді айтып қалуға тырысты.

Қазақ жастары намыс жігерін жиып ешкімге залал келтірмей Михаил Горбачёвтің «сөз бостандығы» деген саясатына сеніп өз ойларын орталыққа жеткізу мақсатында Л.Брежнев алаңына жиналды. Алайда қазақ жастарының бейбіт шеруі қанды оқиғаға әкеліп соқты.

Алаңға жиналған жастарды тоқтату үшін Фрунзе, Ташкент, Челябі, Новосибирск, Свердловск, Тбилисиден Алматыға көмекке милиция қызметкерлері келіп жетті. «Бұрқасын-86» жоспары бойынша іс-шаралар жасалды. Желтоқсанның қақаған аязында жастарды суық сумен атқылап, үйретілген иттерге таландты. Жалпы шеруде қаншама адам ұсталды. Солардың көбі студент жастар еді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде: «1986 жылғы желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетеді. Олар 100 жылға жуық уақыт бойы халықты қазармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді» – деп бағалаған болатын.

Десек те бұл көтерілістің өткеніне отыз бес жылдың жүзі болды. Көп нәрселер ұмытылды. Тәуелсіздік деп тәуекелге барған жастардың толық бағасы әлі күнге беріліп болған жоқ. Құрбан болған боздақтар естен кетпейді, бірақ елес боп барады.

Бүгінде бүкіл әлем Қазақ елін мойындап отыр, бірақ халқының тұрмыс тіршілігінен бейхабар. Әрине, көк бөрінің ұрпағы аштығын білдіруші ме еді. «Баса берсең құрбақа да бақ дейді» – деген атам қазақ. М. Горбачёв КСРО-да қайта құру саясатын жүргізген еді. Соңы не болғанын бәріміз білеміз. Біз қолдағы бар «Тәуелсіздігімізді» қайта құрғымыз келмейді. Билігіміз осыған баса көңіл бөлсе екен. Бабаларымыз аңсаған азаттық, желтоқсанда армандаған тәуелсіздік сол азаматтардың армандағанындай болса ғой шіркін.

Д.ОСПАНОВА,
Алматы қаласы,
Наурызбай аудандық сотының судьясы

КЕСЕЛ

«АРАҚПЕН ДОСТАСТЫМ ДЕГЕНШЕ, АДАМГЕРШІЛІКПЕН ҚОШТАСТЫМ ДЕ»

Қара жолдағы қайғының басым бөлігі жүргізушілердің жауапсыздығынан орын алады. Егер азаматтар өзінің ғана емес, өзгелердің өміріне де жауаптылықпен қарағанда жол үстінде болатын апаттардың, қайғылы жағдайлардың алдын алуға болатын еді.

Жүргізушілер бір тобы көлігінің техникалық жағдайына мән бермейді. Тежегіші істеп тұр ма, жарығы өшіп қалмай ма, дөңгелегі жарамды ма деген сұрақтарға назар аудармайды. Ал ақауы бар көліктің кез келген уақытта сыр беріп, жүргізушінің өміріне ғана емес, жолдағы өзге жандардың өміріне де теріс ықпалын тигізуі мүмкін. Жүргізушілердің келесі бір тобы жолда жүрудің ортақ ережесіне бағынғысы келмейді. Жылдамдықты шамадан тыс арттырып, шалт қимылдар жасап жол апаттарының туындауына түрткі болады. Осындай жандардың «еркелігі» де талай адамның тағдырын өзгертіп, көптеген материалдық шығын әкелетіні ешкімге құпия емес. Соның ішінде арақ ішіп, наша шегіп, психотроптық дәрілердің әсерімен көлік басқаратындардың қоғамға залалы айрықша.

Мас жүргізуші – қылмыскер. Ол көлік апатын тудырмағанның өзінде айналасына қауіп төндірген жан болып есептеледі. Өйткені, мұндай жүргізушілер арақ ішкені аздай, көлік жүргізу арқылы саналы түрде қылмысқа қадам жасап отыр. Осы ретте бабаларымыздың «Арақпен достастым дегенше, адамгершілікпен қоштастым де» деген сөзі еріксіз еске түседі.

Өкінішке орай, көлікке мас күйінде отырудың салдары қандай болатыны үнемі айтылып, сақтандыру шаралары тұрақты қолға алынғанымен құқықбұзушылардың қатары кеміп кетті дей алмаймыз. Тіпті, жол жүрісіне қатысты жаза да қатаң. Бірақ жазаның қатаңдығы да сабақ болмай отыр. Жалпы, біздің елде ғана емес, өзге өркениетті елдердің барлығы алкогольдік, нашақорлық, психотроптық уытқұмарлық жағдайда рөлге отырып, көлік жүргізген жандарды айыптайды. Айталық, АҚШ-тың Иллинойс штатында мас жүргізушілер көлік жүргізу құқығынан өмір бойы айырылып қоймай, 3 жыл түрмеге қамалып, 25 мың доллар (қазіргі бағаммен 10 млн 656 мың теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Ұлыбританияда алкогольдік немесе наркотикалық масаң күйде көлік жүргізгендерге 3 мың фунт (1 млн 757 мың теңге) көлемінде айыппұл салынады. Ал Францияда мас жүргізушілер 3 жыл көлік құралын басқару құқығынан ажырап, 135 – 4 500 еуро (68 121– 2 млн 270 мың теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Айыппұл сомасы тәртіп бұзған жүргізушінің қан құрамындағы алкоголь көлеміне байланысты. Дегенмен, Қытайда мас жүргізушілерге қолданылатын жаза жоғарыдағы елдермен салыстырғанда жеңілдеу. Мәселен Қытай мұндай жүргізушілерді 15 тәулікке қамап, жарты жыл жүргізуші куәлігінен айырады. Сонымен бірге айыпты мемлекет қазынасына 2001,98 юань (131 748 теңге) төлеуі тиіс. Осының өзі көлік жүргізушілерінің жауаптылығына қай елде болсын қатаң қарайтынын көрсетсе керек.

Бейбіт күнде жауапсыз жүргізушінің кесірінен жақындарынан ажырау кімге болсын оңайға соқпайтыны белгілі. Қоғамның талап-тілегін ескере отырып біздің елімізде де алкогольдік, есірткілік, психотроптық уытқұмарлық жағдайында көлік тізгіндеген жүргізушілердің жауаптылығы көтерілген. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, мас жүргізушілер жеті жылға жүргізуші куәлігінен айырылады. Сонымен бірге әкімшілік өндірудің жаңа түрі енгізіліп, соған сәйкес жүргізушіні 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу қарастырылған. Мемлекет басшысының жолдауда берген тапсырмасына орай осы құқықбұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасағандардың жазасы тіпті қатаңдатылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жол апатынан зардап шеккендер саны басқа елдердегі қарулы қақтығыстардан қаза табатындардың санынан кем емес екенін айтып, «Заңға өзгертулер енгізуді тапсырдым: алкогольді ішімдіктердің кез келген түрін ішкен күйінде көлік жүргізгені үшін, сондай-ақ мал ұрлығы үшін берілетін жазаны қатаңдату қажет», – деген болатын. Осылайша, елімізде масаң күйде көлік тізгіндегендер үшін жаза қатаңдады. Мұндай пәрменді қадам жүргізушілерге ой салып, жауаптылығын арттырады деп сенеміз.

М.МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ФОРУМ

Темір жол көлігінің инфрақұрылымын цифрландыру ісі уақыт күттірмейді. Өйткені, жыл сайын бұл нарықта ұлттық тасымалдау қызметімен бәскелесе тәуелсіз тасымалдаушылар саны да артып келеді. Цифрландыру олардың қызметін ортақ талаптар мен ережелер арқылы жүйелі түрде біріктіріп, үйлестіріп отыруға жол ашады. Сөйтіп, саладағы оқыс оқиғалардың алдын алу шараларының тиімділігін арттырып, поездар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІКТЕРІ ЦИФРЛАНДЫРЫЛАДЫ

Бұл жөнінде өткен аптада Алматы қаласында «Логистика, көлік және білім берудегі инновациялық технологиялар» халықаралық конгресі аясында «Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік және цифрландыру»тақырыбында өткен еуразиялық форумда «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының қозғалыс қауіпсіздігі бойынша директоры Марат Шакенов мәлімдеді.

Алқалы жиынды «ҚТЖ» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы, «Транстелеком» акционерлік қоғамы, Көлік және логистика академиясы ұйымдастырған еді. Сындарлы диалог алаңына Орталық Азия мен ТМД елдері мемлекеттік органдарының, теміржол әкімшіліктерінің, ғылыми және сарапшылық қоғамдастықтарының, білім беру мекемелері мен жобалау ұйымдарының өкілдері жиналған болатын. Бас қосуға қатысқандар пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған процестерді цифрландыру және автоматтандыру мәселелерін, тасымалдау кезіндегі апаттылықты азайту шараларын талқылап, өзара ой бөлісіп, ұсыныстарын ортаға салды.

Жалпы, Марат Арапбекұлының айтуынша, Қазақстан Республикасының магистралдық желісі бойынша қауіпсіздігінің деңгейіне баға беретін болсақ, тасымалдау үдерісінің барлық қатысушылары тарапынан жіберілген жол қозғалысы ережесін бұзушылық 18 пайызға артып отыр. Тұтастай алғанда, барлық тасымалдаушылар тарапынан болатын қозғалыс тәртібін бұзу фактілерінің негізгі себебі технологиялық қызмет көрсетудің сапасыздығы мен қозғалыс құрамының дұрыс пайдаланылмауы, еңбек тәртібі деңгейінің төмендігінен туындап отыр.Негізінен қозғалыс ережесін бұзушылықтың 85 пайызы тасымалдау үдерісінің басқа қатысушылары тарапынан туындайды. Бұл жағдай жөндеу ұйымдарының сапасыз қызметі, жөндеу ісі технологиясының бұзылуы, сапасыз,контрафактілі бөлшектердің қолданылуы салдарынан орын алады. Қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін басқа да себептердің арасында Марат Шәкенов бөгде адамдарды қағып кету, теміржол өткелдеріндегі жол-көлік оқиғаларын, жолға бөгде заттарды қойып кетуді, қолайсыз ауа райы жағдайларын атады.Осындай келеңсіздіктердің алдын алу үшін Қазақстан Темір жолы ұлттық компаниясы жөндеу мекемелеріне бақылау жүргізе бастады.Тексеру нәтижелері бойынша бірнеше жөндеу кәсіпорындарының жұмысы анықталған сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін тоқтатылды. Сонымен қатар сәйкессіздікті жою, ақпараттың ашықтығы мен шындыққа сай болуына, қауіпті жағдайлардың алдын алуға ықпал ететін шараларды дер кезінде қабылдауға мүмкіндік беретін қауіпсіздік басқару жүйесін цифрландыру жұмыстары жалғасуда.

Қазіргі таңда тұтынушы үшін қарым-қатынас пен ақпарат алудың негізгі алаңы – мессенджерлер мен әлеуметтік желілер болып отыр. Сондықтан Компанияға қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, қозғалыс ережелерінің бұзылуына төзімсіздікті орнықтыру үшін порталдар мен сайттар құру керек. Мұнымен қоса еңбеккерлер мен азаматтардың қозғалыс ережелерінің бұзылу фактілерін ашуға ынталандыратын шаралар қабылданғаны жөн болады.

Ал, Қазақстанның «KAZLOGISTICS» көлік иелері одағы директорының орынбасары Қанат Мұқышев жиынға қатысушыларды темір жол көліктері инфрақұрылымын цифрландыру бойынша Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай сынды елдердің тәжірибелерімен таныстырды. Қазақстандағы жағдайға қатысты Мұқышев мырза ірі компаниялардың жоғарғы оқу орындарымен өзара байланысының маңыздылығын атап көрсетті. Оның айтуынша, цифрландыру мәселесімен жүйелі және үзіліссіз айналысу керек.

Мұқышев мырза сонымен қатар кадрларды дайындау барысында болашақ мамандардың өндірістік үрдістердің технологиясын терең білуі қажеттігін ескеру керектігіне де назар аудартты. Бұл үшін оқу орындары тиісті талапқа сай келетін оқытушылар құрамын шоғырландыруы тиіс.

Алқалы басқосуға қатысушылар сонымен қатар пандемия жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі логистикалық жүйенің экономикалық тиімділігі, Қазақстан Республикасындағы контейнерлік тасымалдар динамикасы, көлік логистикасының өзектілігі мен мүмкіндіктері, азаматтық авиацияның қазіргі жағдайы және даму болашағы, еліміздегі «Бірыңғай интервалды» механизмнің дамуы, өңірлік астық нарығын қалыптастырудың логистикалық мәселелері, Smart city дамытуда динамикалық жоспарлау барысындағы тәуекелдер, цифрландырудың интеллектуалды теміржол инфрақұрылымына әсері, серверлік виртуалдандыруға қарсы контейнерлеу, жүктерді жеткізу тізбегіндегі көліктік-логистикалық қызмет түрлері мен оларды ұйымдастыру принциптері сынды тасымалдау ісінің өзекті мәселелері жайлы баяндамалар жасап, ой-пікірлерін ортаға салды. Тоқетерін айтқанда, бұл форум ел экономикасының маңызды буыны болып отырған саланың кемшілігі мен жетістігі, болашағы жанжақты зерделеніп, тиімді шешімдерге негіз боларлық пікірлер тоғысқан сындарлы диолог алаңына айналды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

КУРСАНТТЫҢ ТАМАҒЫ ТОҚ ПА?

Қазіргі таңда ІІМ арнаулы оқу орындарында жетім санатындағы курсанттар білім алуда және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 75-бабының 1- тармағында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын курсанттарға 1) қысқы каникулдық демалысы – күнтізбелік он төрт күн; 2) жазғы каникулдық демалыс ұзақтығы – күнтізбелік отыз күн...» деп бекітілген. Осы күндері олар тегін азық-түлік үлестерінен айырылып, оқу орнында тамақтанбайтыны белгілі. Яғни, демалыс өткізу орнына бару және кері қайту жолына жеке тамақтану рационын беру қажеттігі туындайды.

Осы 34 күнге тамақтануға арналған тәуліктік норма құнының шегінде қолма-қол ақша берілу және тәуліктік шығыстарды қаржыландыру мәселесі өзекті болып отыр. Каникул кезеңінде демалыс орындарына бармайтын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан білім алушыларға тамақтануға арналған тәуліктік норма құнының шегінде қолма-қол ақша бөлу құқығын да иеленбеген.

Барар жері мен ішер тамағы жоқ жетім-курсанттардың балалар үйінен кейінгі өмірі осылай өтуде. Осыған қоса ІІМ арнаулы оқу орындары курсанттарының азық-түлік үлесінің салыстырмалы талдауын жасап, мынадай қорытындыға келіп отырмыз. Салыстырмалы талдауға ҚР Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 17 ақпандағы №82 бұйрығы, 2021 жылғы 14 қыркүйектегі №550 бұйрығы; ҚР Ішкі істер министрінің (ҚР ТЖМ-ның азық-түлік үлесіне қатысты) 2015 жылғы 19 наурыздағы №255 бұйрығы, ҚР ҚМ ҚР Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №353 бұйрығы; ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2015 жылғы 26 мамырдағы №40 бұйрығы; ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №1255 қаулысымен Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын сотталғандарды тамақтандырудың №5 заттай нормасы алынған. Бұл анализ негізінде аталмыш сала қызметкерлеріне берілетін өнім нормалары мен олардың мөлшерлері көрсетілген. Аталмыш кесте бірінші сұрыпты бидай ұнының тұтыну үшін берілетін мөлшерінен басталып, қияр, томат, қызылша, жеміс шырыны, кетчуп, қант, бірінші санаттағы сиыр еті, жартылай ысталған шұжық, жас балық, сиыр сүтімен жалғасып, цитрус жемістері, аскорбин қышқылымен аяқталады. Мәселен, ІІМ курсанттарына берілетін әртүрлі жарма мөлшері (бір адамға) 98 граммды құраса, сотталғандар үшін ол мөлшер 120 грамм екенін, жас картоп курсанттар үшін 500 грамм болса, сотталғандар үшін 600 граммды құрайтынын және жоғарыда аталған басқа мекемелермен де айырмашылық бар екенін көресіз.

Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV заңының 9-бабының 7-тармағында «... жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын құқық қорғау органының білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқудың толық курсын бітіргендер үшін оқыған уақыты мерзімді әскери қызметті өткерумен теңестіріледі» делінген. Осыны ескере отырып, курсанттардың «Мерекелік үлес» негізгі нормаларына қосымша азық үлесінің бекітілмеуі де ҚР ІІМ ойландыруы тиіс.

Атап айтсақ, ҚР Қарулы Күштері және Төтенше жағдайлар министрлігінің білім беру ұйымдарының курсанттарына «Мерекелік үлес» негізгі нормаларына қосымша азық үлесінің бекітілгенін байқауға болады. Онда «Мерекелік үлес» негізгі нормаларына қосымша азық үлесі былай көрсетіледі. 1-сұрыпты бидай ұны (құнарландырылған) бір адамға күніне 60 грамм, печенье 30, кәмпит – 20, наубайханалық тығыздалған ашытқы – 0.2, өсімдік майы – 5, жаңа піскен жеміс – 200 граммнан бөлінеді. Осы норма бойынша мемлекет есебінен:

1) мерзімді қызмет әскери қызметшілері мен оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттары – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған мереке күндері және тиісті органдардың, мекемелер мен бөлімдердің құрылғанын мерекелеген күндері және әскери ант қабылдаған күндері;

2) әскери жиындарға шақырылған және бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндеттілер – әскери ант қабылдаған күндері жабдықталады.

Курсанттардың ҚР ІІМ арнаулы оқу орындарының курсанттары жыл сайын мысалы 26.09.2017 «Қан тапсыр да – науқасқа өмір сыйла» – атты ұранмен Академия курсанттары қан тапсырып, науқастарға үлкен жәрдем көрсетті. Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 1-3 курстың 150-ден астам курсанты Қостанай облыстық қан тапсыру орталығынан келген дәрігерлерге өз еріктерімен қан тапсырды. Бұл үрдіс жыл сайын іске асырылуда. Бірақ осы қан тапсырушы донор-курсантарға «Донорларға арналған азық үлесі» негізгі нормаларына қосымша азық үлесін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 17 ақпандағы №82 бұйрығында ескерілмеген. (Қараңыз: 3-қосымша). Жоғары сұрыпты қара шай – 0.3 грамм, шоколад 100 грамм, жеміс-жидек шырыны (миллилитр) – 200, кептірілген жемістер (мейіз, өрік қағы) – 40, «Гематоген» биологиялық белсенді қоспасы 40 грамм берілуге тиіс-ті.

Тағам түріндегі осы норма бойынша мемлекет есебінен әскери қызметшілерге негізгі нормалар бойынша олардың азық-түлік үлесімен (тағаммен) жабдықталуына қарамастан, қан тапсырған күні беріледі.

Мысалы: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын бейбіт уақытқа тамақтандырудың, азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-ас үйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №420 бұйрығының 11-заттай нормасына сәйкес, әскери оқу орындарының (әскери факультеттердің) курсанттары – олар демалысқа, іссапарға, т.б. тұрғылықты жеріне дейін жол жүргенде берілетіндігі аталған. Осы тамақ үлесі де Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 қарашадағы №1255 қаулысының «... бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден босатылғандарға – тұрғылықты жерлеріне ... құрғақ азық үлесі түрінде берілетін тамақтардың» №9 заттай нормасы да бекітілген. Ол нормада – ерекше тартылған бидай ұнынан немесе 2-сұрыпты бидай ұнынан пісірілген галеталар (50 грамм нан) – 300 грамм, түрлі ет-өсімдік консервілері (250 грамм нан) – 500, түрлі ет консервілері – 250, бауыр паштеті – 100, жеңіл дәм көкөніс консервілері – 100, повидло не жеміс-жидек джемі (20 грамм нан) 40, жоғары сұрыпты қара шай (1,5 грамм пакеттелген) – 4,5, қант (10 грамм пакеттелген) 80 грамм берілуі тиіс. Тілге тиек етер базына жетерлік. Осындай заңды бұйрықтарға сүйене отырып, ҚР ІІМ аталған заттай нормаларды өзгерту туралы Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұсыныстар енгізу қажеттілігі айқын екенін айтпақпыз.

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ

ҚҰРЫҚ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ СОТТАЛДЫ

Ақтөбеде қаржы пирамидасының жетекшісіне қатысты сот үкімі шықты. Одан жәбірленушілердің пайдасына 70 миллион теңге өндірілді.

Ақтөбеде қаржы пирамидасы деп танылған «Golden city – 200» ЖШС-нің жетекшісі Қайрат Ізтілеуге қатысты сот үкімі шықты. Сотталушыға Қылмыстық кодекстің «Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету» бабы бойынша айып тағылды. Облыстық соттың баспасөз қызметінің хабарлағанындай, Қайрат Ізтілеу 2020 жылдың қаңтар-ақпан айларында «Golden city–200» ЖШС құрып, заңсыз қызметті жүзеге асырған. Ол жәбірленушілермен жалған шарт жасасып, жоғары сыйақы үшін төлемдер алатынына кепілдік берген. Қылмыстық іс-әрекеттердің нәтижесінде жәбірленушілерге 71 550 мың теңге көлемінде материалдық залал келді. Сот отырысында сотталушы өз кінәсін мойындады. Сот Қайрат Ізтілеуге 7 жылға коммерциялық мекемелерде басшылық лауазымды атқару құқығына тыйым сала отырып, 6 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Жәбірленушілердің пайдасына 70 350 000 теңге өндірілді. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ОЙТАЛҚЫ

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ТАМАҚТАНДЫРУҒА ҚАРЖЫ ЖЕТКІЛІКТІ БӨЛІНЕ МЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әзімбай ҒАЛИ, саясаттанушы:

– Әрине, ұсынылатан ас мәзірінің түрі мен құрамында ғана кейбір өзгерістер болуы мүмкін. Бірақ бұл оның құнарлылығына әсер етпеуі керек.

Жалпы, азық-түлік туралы сөз болған кезде, тамақтану мәдениеті туралы да айтпай кету мүмкін емес. Өзім де кезінде 3-4 жыл интернатта жатып оқыдым. Ондағы тамақтың сапасы төмен болды деп айта алмаймын. Тек кейбір балалар дұрыс тамақтануға дағдыланбағандықтан, жүйесіз тамақтанатындықтан тәртіпке мойынсұнуы бастапқы кезде қиынға түседі. Кейбір ата-ана осы жағдайды түсінбей, анау неге жоқ, мынау неге аз деп айтуы мүмкін. Жалпы бұл тақырыпта пікір айту саладан хабары жоқ адамға қиын.

Елеужан СЕРІМОВ, заң ғылымының кандидаты, «Bolashaq» академиясының доценті:

– Осы орайда, жалпы біздің тәжірибемізде ұдайы отандық қылмыстық-атқару жүйесі органдарының көп жылдық жұмыс тәжірибесіне талдау жасалып, түйіткілді мәселелер бойынша заңнамада жаңартылған талаптар жинақталып, шет мемлекеттердің осы саладағы тәжірибесі, халықаралық және құқық қорғау органдарының ұсыныстары, ішкі істер органдарының қызметі жөніндегі Қоғамдық кеңестің, сарапшылар мен ғалымдардың ұсыныстары сарапқа салынып, нәтижелер шығарылып отырады. Мұны құзыретті органдар үнемі қаперде ұстайды. Ал мемлекетік қызметкер ретіндегі болашақ маман – курсанттардың жағдайын сарапқа салғандар бар ма екен? Рацион деген болады. Күнделікті азаматқа жұмсалатын керекті калория. Ол жас өскін болса ше? Оларда бұл басқалардан асып түспесе, кем болмауы тиіс. Кемшін түссе, құзыретті органдардың кінәсі мен күнәсінен. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрбір іс-әрекеті заңмен өлшенеді десек, олардың тамақтануы да заң талап етер мөлшерде болуы тиіс.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ

ҰЛЫ ІСТІ БАСТАУШЫ

Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ. Қазақстан қалай тәуелсіз ел атанды, бұл біздің халқымыздың тарихындағы ірі өзгерістер толқынына куә болған ұрпақтың зердесінде, шежірелі кезеңдермен жадында жаңғыруда. Ал қазір жұрт таңданатын қазақстандық даму моделі талай мәрте тар жол, тайғақ кешуден өткен тәуелсіз мемлекеттің алға басуда өте күрделі мәселелер мен ең қиын түйіндерді қалай тарқатып шешкенінен мол хабар береді. Тәуелсіз елдің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа Қазақстанның негізін қалаушы, ұлы істі бастаушы болған айрықша қызметінің тарихи мәні, міне осында жатыр.

Мұхит та бастауын біледі. Біздің халқымыз да тарихтың ұлы сағаты соғып, егеменді елдің туын тіккен күннен бері Қазақ мемлекетінің халықаралық қауымдастықта лайық орын алуы, қазақ халқының, бүкіл қазақстандықтардың бақытты өмір сүріп, өзіндік мәдениетімен өркендеу жолында қол жеткізген табыстары мен жетістіктері, бұрын-соңды болмаған бақтың орнауы Қазақстанның Тұңғыш Президентінің парасатты басшылығымен және кемеңгер саяси ерік-жігерімен, халықаралық деңгейдегі ірі абырой-беделінің арқасында болғанын әрбір отандасымыз мақтан етеді. Құрмет тұтады. Бұл тарихи ақиқат қазақ баласының жүрегінде жазулы.

Қазақстанда шын мәнінде өрелі элитаның қаншама арман-аңсары, озық ой-жосықтары, елдің ақ тілектері, отансүйгіштік пейіл-ниеттері айтылып та, жазылып та келгенін жақсы білеміз. Еліміз тәуелсіздік жолына қадам басқан сәттен-ақ ұлттық тіл мен ұлттық намыс, ел бірлігі мен бауырмалдығы жөнінде және қоғамдағы өзекті мәселелерге байланысты тынбай публицистикалық мақалалар жазып, өршіл үн қатқан, бүкіл халық сайлаған Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен баспасөз бен телевидениеде мазмұнды сұхбаттар жүргізген Халық жазушысы Шерхан Мұртаза ағамыз соноу 1994 жылы жазған «Киелі Түркістан» деген жазбасында: «Түркі дүниесінің кіндігі Түркістан қаласын қасиеттеп, қастерлеу керек. Түркістанды сен қолдасаң, Түркістан сені қолдайды. Өйткені ол өте киелі де қасиетті деп ой түйіп, түптің-түбінде – Түркістан-Кентау аймағы жеке облыс болып, Түркістан оның орталығы болуға әбден лайық», деген пікірін де қағазға түсірген екен. Бүкіл мұсылман дүниесі алдындағы абыройың мен түрік тектес елдер алдындағы мәртебеңді айтады – ел ағасы.

Енді қараңызшы, ел-жұрттың тілегі шын ықыласы, үлкен мемлекеттік мәселе биігінен шешіліп отыр. Елбасы дана бабалар дәстүрі мен тарихи салтанат сәтіне барша жұртты куә етті. Алысты болжай білетін ұлы саясаткердің ойында жүрген бұл адамзаттық шешім Қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін болады.

Қазақтың ғасырлар бойғы арманы орындалып, Түркістандай рухани астана ғажап ғимараттармен тамсандырып, жаңа облыс қарқынды өркендеуде.

Бұл – ел Тәуелсіздігінің, мемлекетіміздің экономикасы дамыған, жан-жақты өркен жайған, қуатты да қабырғалы мемлекет болуының айғағы. Қыдыр дарыған, ақ баталы халқымыздың негізгі елдік ниет пен қоғамдық тілегінің ескерусіз қалмай, ең бағалы ұсыныстар мен құндылықтарды тереңінен қастерлеуінің көрінісі. Бұл баршаны бауырған жанашырлық пен толыққанды қолдау, билік пен халық арасындағы қарым-қатынастың бір тағылымды қыры ғана.

Бүгінгі таңда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық белесінде, шүкір, ойға алғанымыз оңынан орындалды. Сондықтан Президент күні – басына қонған бақты бағалай білген мейірбан халқымыздың мәртебелі мерекесі, өркениет биігінде Ұлт көшбасшысы атанған тарихи тұлғаға шынайы құрмет және жалпы ұлттық мерейімізді бірлік рухымен өсіретін, жүрекпен сезінетін құндылықтарды дәстүрлі қастерлеу күні болып қалыптасты. Қоғамдық ой-санада айрықша атаулы, ел азаттығымен еншілес мереке құтты болсын!

Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің жиынында Елбасы жариялаған «Елдіктің жеті тұғыры» үндеуінде де жаңа дәуірдегі қазақстандықтардың бағдары аталып, жинақталып айтылды. Тұтас, еңселі елдік мақсат-мұрат пен ертеңгі болашаққа жол сілтеген ортақ тұғырымыз мол игілік-дәулетпен биіктей берсін деп тілейміз.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Nur Otan партиясы депутаттар фракциясының мүшесі

ЕЛДІҢ БАҒЫ – ЕЛБАСЫ!

1 желтоқсан – біздің тарихымыздың жаңа ақ парағы ашылған күн. Айтулы күннің барша халқымыз үшін маңызы мен мазмұны ерекше екені сөзсіз. Бұл – ғасырлар тоғысында азаттықтың алауын жағып, Алаш баласының басына бақ орнаған күн болып тарихта қалары шындық.

ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің бірлігін, конституциясын, адам мен адамзаттың құқықтарын және бостандықтарын қорғауды қамтамасыз еткен, жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қазақстан халқының орасан зор шынайы құрметі мен сеніміне ие болды. Елбасының салиқалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды.

Елбасы Н.Назарбаевтың басшылығымен біздің мемлекетіміздің көптеген жетістіктерге жеткені, соның ішінде Қазақстанның сот жүйесі Тәуелсіздік жылдарынан бері терең реформаларды басынан өткергені белгілі. Бүгінгі таңда елімізде сот жүйесінің заңдық базасы қалыптасты. Әділ сот жүйесінің жұмысын әлемдік стандарттарға сәйкестендіріп, соттың тәуелсіздігін кепілдендіретін құқықтық тетіктер енгізілді. Елбасының бастамасы аясында сот жүйесі одан әрі реформаланып, тәуелсіз сот қалыптасып, әділ сот үдерістеріне халықтың қолжетімділігі артты. Сот жүйесін цифрландыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп, азаматтардың сот билігіне сенімі нығайды. Сондықтан бұл күн азаттық алудың, аяқтан тұрудың символы тәрізді. Ендеше Ұлттық рухты оятып, тұғырымызды көкке көтеріп, әрқашан туымыз қыран құстай биікке самғасын.

М.ТЕМИРГАЛИЕВА,
Тасқала аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Үміт БИТЕНОВА,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Талас аудандық мәслихат депутаты

Дегенмен, елең-алаң заман өз заңына бағындырса да, үміттен көз жазғызған жоқ. Өйткені, мен де қалың көпшілік секілді мемлекетімізді бастап алып келе жатқан басшымызға сендім. Ол – «Қазақстанды қазақ басқарсын!» деп ұрандаған желтоқсанның мұзға жаққан алауының арқасында, халық қалауымен билік басына келген Н.Назарбаев болатын. Тәуекелге басын тіккен Нұрсұлтан Назарбаевтың орнында басқа біреу болғанда мемлекетіміздің халі қандай болатынын көз алдыма елестете алмаймын. Өйткені, бірде қатты айтып, бірде жұмсартып, бірде арқадан қағып, бірде қамшылап отырып, халқын экономикалық тығырықтан аман-есен алып шығып, енді ғана аяғына тұрған сәбидей әлжуаз жас мемлекетін ыдырау мен құлдыраудан аман сақтап қалған Нұрсұлтан Әбішұлының өлшеусіз еңбегін әсте жоққа шығаруға болмайды. Кемеңгер көшбасшы мемлекетімізді ауыр сынақтан сүріндірмей өткізіп, жаһандық сын-қатерлер туғызып жатқан әлемдік тәртіптің тұрақсыздығынан зардап шектірмеуге мейлінше тырысып, дамудың қазақстандық жолын салып берген адам. Алтай мен Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр даламыздың шекарасын шегендеп бекітіп берді. Абылай бабамыз армандаған астананы салды. Ол алты құрлыққа ұялмай көрсете алатын ғажайып шаһарға айналды. Қантөгістерге жол бергізбей, соғыссыз отыз жыл басқарып, елге бейбіт заман орнатты. Түрлі этностар мен қырық рулы ұлтымыздың арасында тұрақтылық пен татулық салтанат құрды. Өркениетті елу елдің қатарына қосты. Тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын көтеріп, негізін қалаған Елбасы халқын ғана емес, дүниежүзін таңғалдырып, билікті өткізіп берудің өзіндік үлгісін жүзеге асырды. Әлемдік қауымдастықтағы саяси бет-беделі жоғары, Шығыс пен Батыс елдеріндегі, Ислам әлеміндегі, Түркі елдеріндегі, Орта Азиядағы, ТМД аумағындағы абырой-атағына ешкім де, ешбір алпауыт мемлекеттер де көзжұмбайлықпен қарай алмайтын, қазақ дейтін халықтың әлем жұрты алдындағы беделі мен абыройы үшін парасат биігінен көріне білген, ұлт болашағы үшін ұлы қадам, үлкен ерлік, салмақты шешім жасаған Н.Назарбаевтың есімі мемлекетіміздің тарихында сөзсіз алтын әріппен жазылады. Тұңғыш Президент – Елбасы, Ұлт көшбасшысы, Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы, Конституциялық Кеңестің мүшесі, ел қамымен, халық үнін өз мүддесінен биік көретін басшылардың жаңа буынының билікке келуін қамтамасыз етуді өз міндеті деп санайтын Нұрсұлтан Әбішұлы, міне, мен үшін осындай ұлы тұлға.

«Қазақстандықтар Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегіне шын бағасын береді, бірақ жарамсақтардың мақтауын халық қабылдамайды. Қазіргі жастар ақпараттық заманның жастары, өзімізді өзгемен салыстырып бағалайды, арзан сөздерге алданбайды. Тарихи тұлғаның беделін бағалау мен оған табынудың арасын айыра білудің саяси мәдениеті бізге жетпей жатыр» деді бірде мемлекет және қоғам қайраткері Амангелді Айталы ағамыз. Жөн-ақ. Өз басым жол көрсетер алдыңдағы үлкенді әкеңдей сыйлау, ағаңдай құрметтеу, оның дұрыс бағытын қолдап, бастаған игі істерін аяқсыз қалдырмай, соңына дейін жеткізу үшін жалғастыру – жағымпаздық, не жеке басқа табынушылық емес, инабаттылық пен имандылыққа негізделген қазағымыздың ұлттық құндылығы, адами атрибуты деп білем. Ендеше Елбасының еліміз үшін еткен еңбегі құрметтеуге тұрарлық.

БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС КӨП

Елбасының көрегенділігінің арқасында Қазақстан әлем таныған ел болды, Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиясына әлем саясаткерлерінің назары ауды.

Қазақ елінің тәуелсіздік алғаннан бергі бағындырған шыңдары жетерлік. Тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен, еліміз үшін үлкен белес, буыны енді беки бастаған ел әлемдік деңгейдегі алпауыттармен иық тірестіріп, тың бастамаларға ұйытқы бола алатындығын тағы дәлелдеді. Оның жарқын көрінісі ЕҚЫҰ саммитін ең жоғары деңгейде ұйымдастырып, Азиада ойындарын өткізуі, сонымен қатар көптеген халықаралық шараларға ұйытқы болуы және әлемдік деңгейдегі EXPO – 2017 көрмесін өткізгендігі. Міне осындай ауқымды шаралардың басы-қасында жүрген Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі ерен екендігі сөзсіз. Тағы бір айта кететін жері, таңдау бұл күнге тегіннен-тегін түсіп отырған жоқ. Есте болса, 1991 жылдың 1 желтоқсан күні тәуелсіз Қазақ елінде алғашқы президенттік сайлау өтіп, онда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халықтың зор сенімімен, сайлаушылардың басым көпшілік дауысымен жеңіске жеткен еді.

Мемлекет билігін қолға алғаннан бастап ҚР Президенті атқарған игі істер жетерлік. Әрине, мұндай қадамға бару жолында қаншама кедергілердің көп болғандығы да сөзсіз. Бірақ көреген басшының дұрыс жол бастауының арқасында Қазақстан бүгінде гүлденген елге айналды.

Алмира УЮМДАСОВА,
Орал қаласының мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАСЫМЫЗҒА ҚОНҒАН БАҚ

Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментінің аға инспекторы Сәбит Сопиев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегін ерекше құрметпен айтады. Бізбен әңгімесінде ол: «Елбасы полиция қызметкерлерінің қызметіне әу бастан көңіл бөліп, өз бағыт-бағдарын беріп келеді. Тәуелсіздік жылдарынан бері осы саланың қызметкерлерінің оң имиджін қалыптастыру үшін көптеген өзгерістер енгізілді. Мен де елімді, жерімді құқықбұзушылықтан, заңсыздықтан қорғау мақсатында полиция мамандығын таңдадым. Осы салада 13 жылдан бері қызмет атқарып келемін. Киелі Түркістан жеке облыс болып құрылған кезде отбасымызбен бірге Шымкенттен көне шаһарға қоныс аудардық. Осы аз уақыттың ішінде Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде көптеген оң өзгерістер орын алды. Әрине, осының бәрі де Елбасының арқасында» десе, тағы бір тұста аға инспектор: «Жер бетінде елінің тәуелсіздігін, халқының бостандығын ойламайтын жұрт жоқ шығар. Тәуелсіздік – біз үшін басқа қонған бақ. Бақты бағалаған халықты бастайтын тақ иесі болуы да шарт. Тәуелсіздіктің алғашқы жетістігі – халқымыздың өз таңдауымен Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты сайлағаны. Ол еліміздің Тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев адамдардың игілігі үшін жұмыс істеді, сондықтан әрдайым өзін олардың қолдайтынына сенімді болды. Металлургтермен бірге ол қайнаған ыстықта жүрді, шахтерлермен бірге кен орындарында түсті. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлы үлкен лауазым иелерінің кабинеттеріне қаймықпай кіріп, әділдікке жету үшін «қара қылды қақ жарғандай» етіп шындықты ғана айтты. Ол жалаң сынаушы ғана болған жоқ, үнемі сол жерде түйткілдерді бірден шешудің қисынды жолдарын ұсынды, берік дәлел мен дәйекке ғана сүйенді. Сондықтан оның пікірі мұқият тыңдалды, жиі қолдау тапты.

Сонымен қатар, үш ғасырға жуық уақыт бойы отаршылдықтың тауқыметін тартып, этнос ретінде шалажансар халге түскен Қазақ халқын ел етіп, ТМД елдерінің аясындағы ең көп тілді, көп конфессиялы Қазақстанның еңсесін көтеріп, тәуелсіздік жолымен алып жүру міндеті Нұрсұлтан Назарбаевтың маңдайына жазылды. Бұл жолда да тәуелсіздікті тәу ететін, шынайы демократияға ұмтылған, ұлтаралық түсіністік пен достықты өмір салты еткен, болашағына сеніммен қадам басқан Қазақстан халқының нағыз көшбастар көшбасшысына айнала білді.

Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ел үміті. Сондықтан да біз сапалы білім алып, еліміздің дәулетті, жеріміздің сәулетті болуы үшін белсенділік танытып, еліміздің одан әрі гүлденуіне өз үлесімізді қосуымыз керек.

Біз Елбасының ерен еңбегінің арқасында ең бай мемлекетке айналдық, халқымыз да бақытты ғұмыр кешуде. Кең байтақ еліміз егіске толып, өрісімізден мал кетпейтін, бейбіт те зайырлы мемлекеттің ұрпағы болып отырмыз. Қазақстан Республикасының дамуына үлес қосқан – Қазақстан халқының Тұңғыш Президентіне алғысымыз шексіз!» дейді әділет майоры Сәбит Сопиев.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

№95 (3420)
30 қараша 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Берік БЕКЖАНОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«АШЫҚ АЙТПАСАҢ, ХАЛЫҚ АШЫНАДЫ»

Осы заң жобасының аясында Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне, «Прокуратура туралы» және «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» заңдарға да түзету жасалды. Бұл кәсіпкерлікті қылмыстық қудалау органының шамадан тыс араласуынан және тіркелген кәсіпкерлерге қатысты тергеу әрекеттерін жүзеге асырудан соттың немесе прокурордың санкциясымен ғана қорғауды көздейді. Сондай-ақ, құқық қорғау және бақылаушы органдардың кәсіпкерлерге қатысты рейдерлік пен бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды қамтиды. Атап айтқанда, Қылмыстық кодексте бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының, сондай-ақ зергерлік бұйымдардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін жеке бап ұсынылды. Екінші, әкімшілік жауапкершілікті заңнамамен белгілеуге және істердің кейбір санаттары бойынша құқық қолдану практикасының проблемаларын шешу үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске өзгеріс енгізілді. Бұл бойынша заңсыз тексеру жүргізу фактілері, сондай-ақ бақылау мен қадағалаудың өзге де нысандары бойынша тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту мерзімін ұлғайту көзделді. Прокурордың қаулысын орындамағаны үшін жауапкершілік белгілеу, әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірнеше құрамы бойынша жаза қолданудың учаскелік құқығын беру енгізілді. Үшінші, «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» заң жобасында мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша түзету жасалды. Сондай-ақ, депутаттар экономикалық тергеу қызметіне жоғары басшы құрамның лауазымын енгізуге бағытталған түзетулер енгізді. Бұл түзетулер басқа құқық қорғау органдарымен ұқсастық бойынша тәсілді біріздендіру мақсатында ұсынылды.

Бұдан бөлек, ішкі істер органдарының учаскелік полиция инспекторларына заңнамада белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға себептерді жою туралы ұсыну енгізу құқығын беруді көздейтін түзету жасалды. Учаскелік полиция инспекторының көмекшісі мәртебесін заңнамалық тұрғыда бекіту көзделді. Жол жүрісі саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша да жұмыстар жасалды. Соның арқасында көлік құралына жүргізуші куәлігі мен тіркеу құжаттары болмағаны үшін әкімшілік жауапкершілігін алып тастау туралы тапсырма іске асты. Қазір бұл құжаттар ішкі істер органдарының дерекқорында болады және қажет болған жағдайда полиция қызметкерлері дерекқорға қосылу арқылы олардың бар-жоғын тексере алады. Бұдан кейін нотариат құпиясы және оны сақтау міндетін бұзғаны үшін жауапкершілік күшейтілді. Сондай-ақ, «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі» туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Жоғарғы Соттың қазіргі мамандандырылған сот алқасын тарату және әкімшілік істер жөніндегі сот алқасын құру ұсынылды. Облыстық соттарда да тиісті сот алқалары құрылып, өңірлерде істердің бөлінуіне байланысты үнемі өзгеріп отыратын жағдайға жедел ден қоюға мүмкіндік берілді. Жоғарғы Сот төрағасы лауазымына кандидаттарға, сондай-ақ Жоғарғы Сот судьяларына қойылатын, Мемлекет басшысы тағайындауға ұсынатын талаптарға қатысты өзгерістер енгізілді. Бұл өз кезегінде неғұрлым даулы істер бойынша сот төрелігінің сапасын арттырып, сот жүйесіне оң әсерін тигізеді. Бұдан басқа адвокаттық қызмет пен заң көмегі мәселелері бойынша толықтырулар жасалды. Бұл да азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығының кепілдігін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ, халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялау туралы бірқатар заң жобасы қаралып, қабылданды.

Мемлекетіміздің басым бағыттарының бірі – қылмыс пен құқықбұзушылықтың салдарымен күрес жүргізу емес, оның алдын алу болып жатыр. Сондықтан салдарымен күресіп болдық, енді алдын алу, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, халықтың құқықтық сауатын арттыру керек. Оны алдыңғы кезекте түсіндіретін құқыққорғау органдары. Өйткені, құқығы бұзылған кез келген адам алдымен ішкі істер органдарының есігін қағады. Оқиға болған жерге бірінші болып полиция жетеді. Сондықтан бізге олардың еңбегін бағалауды үйрену керек. Тиісінше, олар да халықтың үніне құлақ асып, арызын аяқасты етпеуі тиіс.

Биыл учаскелік инспекторлардың мәртебесін көтеру туралы заң жобасы жасалды. Өйткені, тікелей халықпен жұмыс істейтін учаскелік инспекторлар. Ол арнайы киімді киіп, погон тағып, тұрғындардың төбесінен қарайтын емес, сол ауылдың тұрғыны, азаматы ретінде жұмыс жасайтын арлы азамат болу қажет. Жұрт оны қолында тоқпақ, белінде қылыш тұр деп емес, сол ауылдың азаматы ретінде құрметтеуі тиіс. Ал ол үшін құқық қорғау қызметкері шын жүрегімен жұмыс істеген жөн. Түсіністік орнаған жерде қылмыс болмайды. Сол үшін қазір тек қылмысты анықтап, қылмыскерлерді жауапқа тартуды ғана емес, қылмыстың алдын алу мен азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға көп көңіл бөлініп жатыр.

– Қылмысты көп ашудың есептік көрсеткішін қайтеміз...

– Есептік көрсеткішке жұмыс істеу ақылға қонбайды. Керісінше, белгілі бір өңірде қылмыс азайып жатса, қуану керек. Ол тек құқық қорғау органдарының сапалы жұмысы ғана емес,сол өңірде тұрып жатқан халықтың құқықтық сауаты жақсарғанының белгісі деп түсіну қажет.

– Ала жаздай аймақтарды аралап қайттыңыздар, жұрттың жағдайы қалай екен?

– Nur Otan партиясының Мәжілістегі фракциясының арнайы жоспарына сәйкес, жылда өңірлерге кездесуге шығып тұрамыз. Осы жолы Шымкент қаласына бардым. Партияның биылғы сайлауалды бағдарламасы нақты елді мекендердің қордаланған мәселесін шешуге бағытталып отыр. Біз осы сапарымызда Шымкент қаласындағы елді мекендер мәселесінің орындалу барысын бақылау үшін бардық.

– Орындалып жатыр ма екен?

– Шымкент 2018 жылы республикалық деңгейдегі қала қатарына қосылды. Содан бері қалаға бірнеше елді мекен біріктірілген болатын. Олардың ішінде инфраструктуралық қордаланған мәселелерді шешу үшін үлкен жұмыс жүріп жатыр. Бұрын тұрғын үйді салып, халықты қоныстандырып алған соң, коммуникацияны артынан асықпай алып келетін. Сосын халық жарық пен суды, газды қайдан аламыз деп басын қатыратын. Қазір халық тұратын жерге алдымен коммуникацияны жеткізу қолға алынуда. Бұл өте дұрыс. Өйткені, Шымкент қаласында әлі күнге дейін ауыз суды тасып ішетін елді мекендер бар. Бүгінге дейін электр жарығының жетіспеушілігі орын алуда. Партиямыздың бағдарламасы бойынша, 2025 жылға дейін Шымкент қаласының газ, су, жарық мәселелері толық шешімін табады деп күтілуде. Тағы бір айтатыны, апатты мектептерді болдырмау және үш ауысымды мектептің мәселесін ертерек шешу қолға алынуда. Биыл шаһарда 20 мектеп салыныпты.

– Демек, аймаққа көңіліңіз толып келді ғой...

– Иә, осындай ауқымды жұмыстың жүріп жатқаны көңілді толтырады. Болашаққа деген сенімді ұялатады. Мысалы, бұрын асфальт салынбаған жерлерге биыл тас жол салып жатыр. Бұл келесі жылы асфальт жолға айналады. Көп қабатты тұрғын үйлерге дейін аралап шықтық. Ескі үйлерді қайта жөндеу мәселесі де жергілікті биліктің назарынан тыс қалмаған екен.

– Берік аға, сіз қаланың бергі жағын көрген шығарсыз... Тұрғындардың өзімен тілдестіңіз бе?

– Рас, мәселе бар. Партияның Шымкент қаласындағы филиалында тұрғындарды қабылдадым. Халықтың негізгі айтқаны – әлеуметтік жағдай. Мүмкіндікке қарай кейбір кісілердің базынасының басын ашып, мәселесін шешіп беруге тырыстық. Мысалы, балабақшаға орналастыру, тұрғын үйге қатысты кезектің жылжымайтыны туралы айтып келгендер көп болды. Қалалық әкімдік қызметкерімен бірге отырып, қабылдауға келген азаматтармен үй кезегінің алға жылжымай жатқанын түсіндірдік. Азық-түлікпен жәрдем етуін сұрап келгендер де болды. Қаланың өзінде халыққа жаны ашитын кәсіпкер азаматтар бар, солардың есебімен де жүйелі түрде жәрдем беріліп жатқанын көзбен көрдік. Сол кезде жанар-жағармай бағасы көтеріліп кетті. Бұл бойынша да мәселенің ретке келуін қадағаладық. Өңірде жүргенде азық-түлік бағасы шарықтап кетті. Жергілікті әкімдік сол кезде қалада азық-түліктің 19 түріне бағаны бақылау жұмысын ұйымдастырды. Үлкен сауда орталықтарын аралап шықтық. Әлеуметтік бұрыштарда тұрғындарға қажетті деген өнімдердің бағасы реттеліп жатыр. Кейбір дүкендерде әлеуметтік бұрыш деген атымен жоқ. Азық-түлік нарықтағы бағамен сатылып жатыр. Ал бағаны ұстап тұру үшін мемлекеттен белгіленген дүкендер желісіне арнайы қаржы бөлінген. Дүкен иелері мемлекеттің қаржысын қалтасына басып, халыққа өз бағасында азық-түлік сатып отырған. Тікелей әкімнің қызметкеріне көрсетіп, дүкен иесімен бірге бұл мәселенің екінші қайталанбауын қадағалау керектігін ескерттік.

Әлеуметтік желідегі парақшама бір жігіт бірнеше рет хат жазып, елді мекенге келіп кетуімді сұрапты. Желідегі жазылушымның өтінішін жерге тастағым келмей, қаланың шет жағындағы Қайнарбұлақ ауылына бардық. Бұрын ауыл саяжай алабы болған екен. Сол жерде ауыз су мәселесі шешілмеген. Көшедегі тұрғындармен кездестік. Ешкім бізге алдын ала кездесу ұйымдастырған жоқ. Әкімдіктің адамдарын шақыртып, ауыз су мәселесі қашан шешілетінін сұраттым. Бұйырса, су келесі жылы беріледі деп отыр. Әкімдік халық алдында уәдесін беріп кетті.

– Осы уақытқа орындалмаған шаруа уәдеден кейін орындалады дегенге сенесіз бе?

– Бұл ауыл бұрын жоспарға енгізілмеген. Халыққа суды әкімдік көлікпен әкеледі екен. Бірақ күніне екі су тасығыш көлік жұмыс істейді. Тасып ішкен су неге жетеді? Орталықтандырылған су жүйесі әлі күнге дейін жоқ. Бірақ халыққа биыл су келмейтіні сол жерде ашық айтылды. Бізде әкімдердің бір қателігі – көтере алмас шоқпарды беліне байлайтынында. Елге өтірік уәдені үйіп-төкпей, жағдайды толық түсіндіру керек. Бізде алдымен уәдені үйіп-төгіп алады. Ашық айтпасаң, халық ашынады. Сол үшін ашығын айтып, шындыққа тура көзбен қарауды үйрену керек. Халықпен ашық форматта сөйлесу мәдениеті кемшін.

– Аймаққа барғанда, өзіңіз қызмет етіп кеткен прокуратура, сот пен құқық қорғау органдары қызметіне де бас сұққан боларсыз. Құзырлы орындарға арызданып жатқан адамдармен жүздесе алдыңыз ба? Арызданушылар көп пе екен?

– Елдегі карантиндік талаптарға байланысты кездесудің реті келмеді. Қоғамда құқық қорғау қызметкерлерімен, прокуратура мен соттарға рақметіммен қатар айтылар сын да жеткілікті. Жақында біздің комитет сот шешімімен келіспейтін бір топ азаматты қабылдады. Өздеріне қатысты сот актілерінің заңсыз шығарылғандығы туралы мәселемен келді. Бұл мәселені егжей-тегжейлі зерделеп, бүкіл құжатпен танысып шықпайынша, біржақты пікір айту қиын.

– Соттардың ақтау үкімін шығаруына не кедергі?

– Мемлекет басшысы биылғы халыққа жолдауында да сот әділдігін ары қарай жетілдіру мәселесіне қатты көңіл бөліп отыр. Сотқа дейінгі тергеу жүйесінің үш сатысын дамыту мәселесі, сотта айыптаушы мен қорғаушының тепе-теңдік құқын жүзеге асыру мәселесі, сот реформасын жетілдіру, түптеп келгенде, соттың әділдігін арттыруға, ақтау үкімін көбейтуге бірден-бір жол. Өмірде барлығы бірдей бола бермейді. Жоғарғы Сот заңсыз жауапқа тартылған адамдарды ақтау ұстанымын қолдап келеді. Өйткені, жергілікті жерлерде сот жауапқа тартқан адамдарды Жоғарғы Сот ақтап шыққан жайттарды көріп жатырмыз. Сондықтан дәл осындай ұстанымды жергілікті соттар да ұстанса деймін. Ақ болса, ақтап бергені Алланың алдында дұрыс болады. Ол үшін прокурордың дербестігін әлі де қарастыру керек. Прокурор тергеуге бағынышты болмау керек. Прокуратура – заңдардың сақталуын қадағалайтын бірден-бір орган. Ол өз алдына жеке, заңға сәйкес шешім қабылдауды үйренуі тиіс. Ал бізде әлі күнге дейін прокурор айыптау үкімін бекіткен соң, ертерек соттан өтуіне мүдделі. Ол өзінің қадағалаушы міндетін атқаратын болса, көп істер сотқа бармай, прокурордың деңгейінде заңды шешімін табар еді. Өйткені прокурордың заңсыз қылмысқа тартылған азаматтардың ісін қысқартып, заңды шешім қабылдауға құзыреті бар. Тергеу істеріндегі дербестігін заң жүйесімен бекітіп беру керек.

Әрбір тергеуші, әрбір прокурор, сот адамның тағдырын шешіп отыр. Адамның тағдырына заңсыз, негізсіз балта шабуға болмайды. Бір ғана шешім арқылы адамның бүкіл тағдырын өзгертіп жіберуін мүмкін.

– Президент өлім жазасының күшін жоюға бағытталған хаттамаға қол қойылды деді. Осы тиісті заң жыл соңына дейін қабылдану керек делінген. Бұл жөнінде не айтасыз?

– Қазір заң комитеттің қарауында. Конституцияға сәйкес, Қазақстан – зайырлы мемлекет. Екіншіден, өлім жазасын тағайындау – адамның емес, Алланың үкімі.

– Үкіметтің адам құқығын қорғау жөнінде кешенді жоспар бекіткені туралы айтылды. Бұл жоспардан не күтуге болады?

– Мемлекет – халықтың өмір сүру құралы. Біз жалданбалы адамбыз. Ал мемлекеттің негізгі мақсаты адам құндылығы, өмірі мен бостандығын сақтау. Өйткені, мемлекеттің құндылығы – адам. Бірақ қоғам болған соң, адамның құқығы бұзылып жатыр. Сол үшін адамның құқығы бұзылмайтын шаралар қабылдау керек. Құқықтық қылмыстық жағынан ғана емес, азаматтардың құқығы экономикалық, әлеуметтік жағынан жан-жақты қорғалуы тиіс.

Сұхбаттасқан
Жадыра МҮСІЛІМ

ГЕНДЕР

ӘЙЕЛДЕРДІҢ БАНК ШОТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІ СИРЕК

Гендерлік теңдік жолында көп нәрсеге қол жеткізілді, бірақ әйелдердің өмір сүруге қаражатты алу, қоғам өміріне қатысу және сайлау құқығы бойынша тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін әлі де көп жұмыс істеу керек.

Бүкіл әлемде өршіп тұрған коронавирустық пандемия (COVID-19) аясында тәуекелдер одан да жоғары, өйткені әйелдер дағдарыс кезінде күрестің алдыңғы қатарында болады. Медбикелер, әлеуметтік қызметкерлер және қамқоршылар сияқты негізгі лауазымдарда әйелдер басым.

Қазіргі замандағы айтарлықтай прогреске қарамастан, гендерлік алшақтық сақталады. Осылайша әр мемлекетте физикалық зорлық-зомбылық пен материалдық кемтарлықтардан бастап тең емес жұмыс пен саяси мүмкіндіктерге дейін ауқымы мен нысаны бойынша айырма әр түрлі болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауынша, әлемде әрбір үшінші әйел өмір бойы зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Өкінішке қарай, COVID-19 індеті сияқты апаттар кезінде зорлық-зомбылыққа ұшырау қаупі артады.

Гендерлік теңсіздік экономикалық өмірге толық қатысу мүмкіндіктерінің теңсіздігінен де көрінеді. «БҰҰ-Әйелдер» құрылымы әйелдердің еңбек нарығына ерлерге қарағанда азырақ қатысатынын және жұмыссыз қалу ықтималдығының жоғары екенін анықтады. Сонымен бірге, әйелдер мен ерлердің отбасы мүшелерінің күтімі мен үй шаруасына жауаптылықтары пропорционалды емес. Бұл мүмкіндіктердегі өзгешілікке COVID-19 пандемиясы әйелдерге пропорционалды емес әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді. Дүние жүзіндегі денсаулық сақтау және әлеуметтік сала қызметкерлерінің үлкен үлесін әйелдер құрайды. Бұған қоса, Дүниежүзілік банк өткізген талдау балаларды бағып-күтумен айналысатын әйелдердің мектеп жабылғаннан кейін жұмыс жүктемесінің жоғарылауына тап болуына, ал жұмыс істейтін аналар қашықтан жұмыс істеуді, балаларды үйде оқытуды, бала күтімін және үй жұмысын біріктіруге тырысқанда, әдеттегіден де қиын жағдайға тап болуын көрсетеді.

Қол жеткізудің теңсіздігі де алаңдатады. Дүниежүзінде ақылы жұмыстағы әйелдердің 40 пайызға жуығы әлеуметтік қорғалуға қол жеткізе алмайды деген деректер бар. Әйелдердің ерлерге қарағанда қаржы институттарына немесе банктік шоттарға қол жеткізуі сирек. Дүниежүзіндегі тіркелген бизнестің 30 пайыздан астамын әйелдерге тиесілі бизнес құраса да, әйел кәсіпкерлердің 10 пайызында ғана өз бизнесін дамыту үшін қажетті капитал бар.

XX ғасырдың әйгілі армян прозашысы және қайраткері Забель Есаянның сөзін келтіре отырып, «Әйел бұл әлемге бәрінің көңілінен шығу үшін дүниеге келмейді, әйел өзінің ақыл-ой, моральдық және физикалық қабілеттерін дамыту үшін өмірге келеді» деген сөзімен түйіндегім келеді.

Айым ҚҰСПАНТАЙ,
Алматы қаласы, Медеу ауданы
№2 аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ТАҒЫЛЫМ

Ақтау қалалық сотының судьясы Аралбай Ибрагимұлы Нағашыбаев заңгерлер әулетінен шығып, өзі де жеке дара заңгерлер әулетін құрды. Олар ағайынды – Өмірбай, Аралбай, Мирамбек Нағашыбаевтар бір-біріне үлгі, қамқоршы әрі демеуші. Үшеуі де әл-Фараби атындағы ҚазГУ-де заңгерлік мамандық бойынша білім алды. Дәл осы оқу орнына Аралбай Нағашыбаев оқуға түскенде университет ғимараты енді ғана салынып жатқан екен. Ректордың ұсынысымен біраз студенттердің қатарында ол да университет құрылысында жұмыс істеп, өзі оқыған оқу орнында алғашқы еңбек жолын бастайды. Сол үшін болса керек, оқыған жерін үнемі ерекше естелікпен айтып отырады.

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ

Ағасы 30 жыл Атырау облысының сот саласында еңбек еткен. Оның әйелі де заңгер. Інісі Мирамбек Нағашыбаев әлі де судьялық қызметте. Өкінішке орай, былтыр өмірден өткен жары да заңгерлік бітірген, қызы бүгінде осы салада еңбек етуде. Бүкіл әулет бір арнада үздіксіз қызмет етіп келеді.

Аралбай Нағашыбаев жалпы құқық саласында 40 жылдан аса қызмет етсе, оның 26 жылында судья болды.

Әріптесіміз курстасы Ирак Елекеевтің шақыртуымен 1984 жылы Жаңаөзен қаласына келеді. 1987 жылы Маңғыстау аудандық халық сотында судья, кейін төраға болды. Одан соң облыстық Әділет басқармасы басшысының орынбасары болды. Әділет басқармасынан Соттар әкімшісі бөлініп шыққанда, оның басшысы болып тағайындалады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары болғандықтан, Соттар әкімшісінің құрылуы, құжаттарын қалыптастыру, соттарды материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы оңай болған жоқ. Десе де жұмысты дұрыс ұйымдастыруының арқасында барлық мәселе ретімен шешіліп, соттар ғимарат, басқа да жабдықтар жағынан қиындық көрмеді деуге болады. Осыдан соң Президент Жарлығымен 2003 жылы жаңадан ашылған Ақтау қаласының №2 сотының төрағасы қызметіне тағайындалды. Бұл жерде де жаңа сот, жаңа база, үлкен жауапкершілікпен бетпе-бет келді. 2007 жылы Ақтау қалалық сотының төрағасы болды, соңғы 11 жылдан бері осы соттың судьясы.

Өзінің сот практикасында ауыр әрі күрделі істерді жиі қарады. Мысалы, 2011 жылы Жаңаөзен қаласында орын алған оқиға бойынша 110 томнан тұратын үлкен қылмыстық істі бүкіл әлемнің бақылауында, көпшіліктің тікелей назарында 4 ай бойы қарады.

Соңғы жылдары нарық пен экономиканың дамуына байланысты, қылмыс ауқымы да артып, сотқа түсетін қылмыстар күрделене түскен. Қылмыстық істің кез келгенінің жүгі ауыр, жауапкершілігі зор. Адамның тағдырын шешу, жауапкершілігін арқалау ешқашан оңай болған емес. Бірақ сондай ауыр істердің өзін қиындықсыз, кемшіліксіз қарау – оның кәсібилігінің арқасында еді.

Иә, Аралбай Ибрагимұлы әрқашан жаңа істің басында, үлкен жауапты қызметте жүріп, өзінің абыройын биік деңгейде сақтай алды. Оның бүгінгі әрбір жетістігі шынайы еңбекпен, үлкен жауапкершілікті еңсеруімен келген. Қашанда үлкенмен де, кішімен де сыйласып, адамгершілігі мен қарапайымдылығын сақтай білді. Сондықтан да оның тұла бойы осы салада жүрген әрбір жанға, әріптестеріне, ізбасарларына, жас мамандарға үлгі.

Аралбай Ибрагимұлы бүгінде 65 жасқа толып, судьялық қызметтің шекті жасына жетіп отыр. Екі жыл бұрын судьялар жетіспеушілігіне байланысты басшылық тарапынан қызметін создыру жөнінде ұсыныс түскенде, оны қабыл алып, ұжымға көп көмегін тигізді. Жасының ұлғайғанына қарамастан, бір де бір істің мерзімін бұзбай, денсаулығына байланысты демалысқа шықпай, адал еңбек етті. Сот жүйесі дәл осындай білікті, белсенді, тәжірибелі, бастысы өз ісіне жауапты судьяларға қашан да зәру. Сондықтан, біздің ұжым да бүгінде құрметті әріптесімізді қимай шығарып салғалы тұрмыз. Осынша ауыр жауапкершілікпен атқарған еңбектің зейнетін көретін сәт келді. Біз Аралбай Ибрагимұлын әрқашан құрметті сот жүйесінің ардагері қатарынан көргенімізге қуанштымыз!

Бауыржан ШАЙДУЛЛИН,
Ақтау қалалық сотының төрағасы

СПАРТАКИАДА

«БІЗДІ СПОРТ БІРІКТІРЕДІ»

ҚР Судьялар одағының Орталық кеңесі Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Судьялар одағының 25 жылдығына арналған дәстүрлі спартакиада өткізді.

Жарыс сайыстың бес түрі бойынша «Qazaqstan» жеңіл атлетика кешенінде өтті.

Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы Әбдірашит Жүкенов өзінің құттықтау сөзінде үлкен спорттық шара мерейтойлық жылды мерекелеу қарсаңында өтіп жатқанын және оның қатысушылары жеңіске деген ерік-жігерін, спорттық құмарлық пен рухани өрлеуді көрсететініне күмән жоқ екенін атап өтті.

Сайысқа ҚР Судьялар одағы филиалдарының командалары: Жоғарғы Сот, Нұр-Сұлтан қалалық соты және Әскери сот қатысты.

Күрес қатал болды. Ешкім де жеңілгісі келмеді, сондықтан жанкүйерлер турнирге қатысушыларды қызу қолдай отырып, жарыстан үлкен әсер алды.

Соңғы ысқырық жеңімпаздарды анықтады. Ерлер арасында арқан тартуда Нұр-Сұлтан қаласы сотының командасы мықты болды. Әйелдер арасында әскери соттың өкілдеріне тең келері болған жоқ.

60 метрге спринтерлік жүгіру бойынша ерлер арасында бірінші орын Жақсылық Қанатбековке бұйырды. Жүлдегерлер үштігіне енген Ерсұлтан Ділдабаев пен Дастан Әлмағамбетов лайықты нәтижелер көрсетті. Осы қашықтықта әйелдер арасында мәреге бірінші болып Нұргүл Ғаниқызы келді. Айгерім Умербаева мен Сая Аманбек 2-3 орынды бөлісті.

Командалық эстафетада бірінші орынды Жоғарғы Сот қызметкерлері жеңіп алды. Марафондық қашықтыққа жүгіру бойынша жеңімпаздар анықталып, сәйкесінше I орын: Қайрат Есібаев пен Алма Түсіпбековаға, II орын: Жұлдызбай Бақытов пен Шынар Бақаеваға, III орын: Әділбек Ерімбетов пен Нұргүл Ғаниқызына берілді.

Спартакиаданың жеңімпаздары мен барлық қатысушыларын құттықтай отырып, ҚР Судьялар одағының төрағасы Сәкен Абдолла: «Бізді спорт біріктіреді», – деп атап өтті. Судьялар мен сот қызметкерлерінің спартакиадасы осы күндері еліміздің барлық өңірлерінде өткізіліп жатыр. Бұл іс-шаралар құрмет пен серіктестік құндылықтарына негізделген ұжымдық мәдениет пен дәстүрлерді нығайтады.

Спартакиаданың барлық жеңімпаздары спорттық іс-шараның соңында естелік сыйлықтармен марапатталды.

А.ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

ТҮЙТКІЛ

БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖОҚ ЖЕРДЕ БАҒА ӨСЕДІ

Қазақстан көмірдің қоры жағынан ғана емес, өндіріс көлемі жағынан да әлемде алғашқы ондыққа кіреді. Ал ТМД елдері арасында қоры жағынан үшінші, өндіріс көлемі бойынша екінші және өндірілген өнімді жан басына шаққанда бірінші орын алады.

Статистикаға көз жүгіртер болсақ, тәуелсіздік жылдары Қазақстанда 2,8 млрд тонна көмір өндіріліп, оның 750 млн тоннадан астамы шетелге экспортталған. Былтыр әлемдегі көмір экспортының 98,1 пайызы тиесілі 15 елдің арасында 13-орыннан (0,4 пайыз) көрінген Қазақстанның экспорттық табысы 340 млн долларға жуықтады. Алайда көмір өндірісінің тарихы 164 жылды құрайтын Қазақстанда қарапайым халықтың көмір тапшылығын сезініп отырғаны айтар ауызға да, естір құлаққа да ұят нәрсе. Өйткені, «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» дегендей соңғы жылдары мемлекеттік бақылаудың әлсіздігін пайдаланып, делдалдар нарықты толықтай өз қолына алуда. Ішкі нарықтың қысқы маусымдағы жалпы сұранысы 10 млн тонна болғанына қарамастан, олар тапшылықты қолдан жасап, бағаны 2-3 есеге дейін өсіруде. Жер-жердегі тарату орындарында халықтың көмір таппай, әуре-сарсаңға түсуі соңғы жылдары әдетке айналды. Үкімет басшысы мен салаға жауапты министр болса халық шулаған сайын «көмір бізде жеткілікті, елде ешқандай тапшылық жоқ» деуден танар емес. Мәселен, Үкімет үйінде тілшілердің сұрағына жауап берген кезде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов: «Бізде барлығы 27 пайыз экспорт бар және біз көмірдің екі түрін экспорттаймыз – бұл металлургиялық өңдеуге арналған жоғары агломерациялық көмір және 38 пайыздан жоғары күлге ие энергетикалық кәсіпорындар үшін. Ал халыққа қолдануға күл мөлшері төмен көмір түрін ұсынамыз. Бұған Қаражыра, Шұбаркөл, Богатырь және тағы басқалары жатады. Құрамында күл мөлшері жоғары және орташа көмірді экспорттаймыз. Біз қазірдің өзінде облыстардың өтінімдері бойынша халыққа қажет көмірдің 94 пайызын жөнелттік. Жалпы, биыл өткен жылдың қазан айымен салыстырғанда жоспарды асыра орындап отырмыз. Тапшылық қолдан жасалып отыр», – деді. Министр елімізде көмірмен қамту жағдайы тұрақты және оны тасуда ірі жеткізуші ұйымдармен меморандум жасалған дегеніне қарамастан республикалық және аймақтық БАҚ-та отын таппай бүрсеңдеген халықтың таңның атысынан күннің батысына дейін ұзынсонар кезекке тұрып, бір-бірімен жаға жыртысып жатқанына қатысты материал әлі толастаған жоқ. Оны сырттай бақылап, миығынан күліп отырған делдалдардың әрекетіне тыйым салуда Үкімет дәрменсіздік көрсетуде. Оны Парламент Мәжілісіндегі Nur Otan партиясы фракциясының мүшелері Е. Саиров пен Қ.Абасовтың қарашаның соңғы сәрсенбісінде Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склярдың атына жолдаған депутаттық сауалынан да аңғаруға болады.

Онда халыққа көмір сату тізбегінде: көмір өндіру разрезі, теміржолмен жөнелтуге арналған тиеу пункттері, теміржол арқылы тасымалдау, теміржол тұйықтарында қабылдау терминалдары, көмірді тұтынушыларға жеткізетін тарату пункттері сияқты 10-ға тарта буын қалыптасқаны және олардың өз пайдасын ғана ойлауынан баға тоқтаусыз қымбаттап жатқаны айтылған. Разрезде тоннасы 7800 теңге болатын көмір Алматы, Ақмола, Қызылорда, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарының ауыл-аймақтарында 25-30 мың теңгеден сатылатыны да көрсетілген. Сондықтан азаматтар үшін тұрмыстық көмір қолжетімді және әділ бағамен сатылуы тиіс деп санаған олар: бірінші, ауылдық елді мекен тұрғындарының тұрмыстық тұтынуы үшін көмірдің нормативтік қорын қалыптастыруды жедел қамтамасыз ету; Екінші, көмірді сату орындарына тасымалдау үшін қажетті вагон санын бөлуге басымдық беру; Үшінші, көмір бағасын қалыптастырудың ашықтығын және көмірді көтерме сатып алушылар арасындағы барынша бәсекелестікті қамтамасыз ету; Төртінші, нарық субъектілерінің арасындағы бәсекелестікке қарсы келісімдерді болдырмау, тұрмыстық көмір тұтынушыларының түпкілікті бағасын қалыптастыруға делдалдық байланыстардың әсерін болдырмау бойынша жұмыстарды жүргізу қажет деп санайтынын жеткізді.

Мемлекет басшысы да биылғы жолдауында: «өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағаның бәріне бірыңғай бақылау жасау қажет. Қазір осы жұмысқа бірнеше мекеме жауапты. Әр жолы баға шарықтағанда олар байыппен сараптама жасап, тиімді шаралар қабылдаудың орнына бір-біріне сілтей бастайды. Бұл жұмысты ретке келтіретін кез келді. Жауапкершіліктің ара-жігін ажырату керек. Бір мекемені басты орган ретінде айқындап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеу қажет. Үкімет осы мәселе бойынша бір айдың ішінде шешім қабылдауға тиіс» деген еді. Алайда бұл тапсырма да әлі орындалмай отыр. Қазіргі жағдайға қарағанда оның жылдың аяғына дейін орындала қоюы да екіталай сияқты. Сондықтан бұл Президентке ғана емес Үкімет басшысының атына да үлкен сын болуы тиіс.

Қолдағы мәліметтерге қарағанда республикадағы елудей көмір кеніштерінде пандемияға дейін 35 мың адам еңбек етсе, қазір оның саны 30 мыңға дейін азайған. Егер 200-ге жуық барланған кен орындарындағы көмірдің қоры 164,4 млрд тонна шамасында болғанын, оның 17,6 млрд тоннасы тас көмір, 92,8 млрд тоннасы қоңыр көмір екенін ескерсек, Қазақстанның көмір өнеркәсібінің әлеуеті зор.

– Дүние жүзі өнеркәсіп пен экономиканы экологиялық тазартуға бет бұрды. Қазір бұл – әншейін сөз емес, салық, баж және техникалық реттеу шаралары сияқты нақты шешімдер. Біз одан тыс қала алмаймыз. Мұндай шешімдер экспорт, инвестиция және технология трансферті арқылы елімізге тікелей әсер етеді. Шын мәнінде, бұл – Қазақстанның орнықты дамуы мәселесі. Сондықтан мен 2060 жылға қарай көміртегінен арылу міндетін жүктеп отырмын. Бұл бағытта өте байыппен жұмыс істеу керек. Кеңбайтақ еліміздің тұрғындар саны да, экономикасы да өсіп келеді. Өсім сапалы болу үшін қуат көздері қажет. Көмір дәуірі біртіндеп келмеске кетіп бара жатқан заманда жаңғыртылатын энергияға қоса, біз сенімді базалық қуат көздерін ойластыруға тиіспіз, – деген ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында көмір өнеркәсібі саласы үшін өзекті мәселені күн тәртібіне шығарды. Бұған дейін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі елді газдандыру үдерісі есебінен биыл қысқы маусымда көмір тұтыну көлемі 10 млн-нан 7,3 млн тоннаға дейін төмендейді деп жариялаған болатын. Қазан айында Нұр-Сұлтанда өткен II Қазақстан көмір өнеркәсібі форумында бұл саланың елдегі электр энергиясының 70 пайызын қамтамасыз етіп отырғаны айтылды. Көмір қорының көлемі жағынан әлемде Қазақстан 8-орында (3,8 пайыз) тұр. Бірінші орындағы АҚШ-та (26,6 пайыз) электр энергиясының 52 пайызы, ал үшінші орындағы Қытайда (12,8 пайыз) 72 пайызы көмірден алынады. Сондай-ақ, 2005 жылы жарияланған АҚШ-тың ұзақмерзімдік энергетиканы дамыту жоспарында 2030 жылы көмірден өндірілетін электр энергиясының үлесін 57-60 пайызға дейін жеткізу қарастырылғанын да айта кеткен жөн шығар.

Республикалық тау-байыту тау-металлургиялы кәсіпорындары қауымдастығының атқарушы директоры Николай Радостовецтің сөзіне қарағанда, көмір химиясы мен коксхимия өндірісі елде жеткілікті деңгейде дамымаған. Былтыр көмірден 3,7 млн тонна кокс өндірілді, бұл өндірілген жалпы көмірдің 3,4 пайызын ғана құрайды. Ал 2016–2020 жылдары республика шетелден 4,5 млн тонна кокс импорттады. Егер көмірден 400-ден астам өнім түрін өндіруге болатынын және олардың құны көмірден 20-25 есе қымбат екенін ескерсек, бізде өңдеу өнеркәсібін дамытуға мол мүмкіндік бар. Өйткені Bloomberg агенттігінің деректеріне қарағанда, Қазақстан көмірінің 20 пайызы ғана шетелдік тұтынушылардың талабына сай келеді. Мәселен, Еуропа елдері калориясы 5000-6000 ккал/кг жоғары көмірді ғана сатып алады. Ал оған 2020 жылы Қазақстанда өндірілген 113 млн тонна көмірдің 20-22 млн тоннасы ғана сәйкес келді. Биыл Қазақстан өндірушілері алғаш рет Марокка мен Болгарияға көмір экспорттауға мүмкіндік алды. Қазіргі таңда біздің елімізде өндірілген калориясы 4000 ккал/кг төмен өнімнің негізгі тұтынушысы – Ресей. Олар оны өзіндік құнының төмендігіне байланысты жылу электр станцияларында қолданады. Әлемде газға деген сұраныстың жоғары болуына байланысты қазір отынның бұл түрінде тапшылық туындап, баға өсіп жатқандықтан өзіндік құны төмен Қазақстан көміріне сұраныс былтырғыдан өспесе, кеміген жоқ. Бұл пандемия жағдайында дамуы біршама баяулаған әлемдік экономикадағы ахуалға байланысты қанша жылға созыларын әзірге ешкім болжай алмайды. Дегенмен, болашақта сыртқы нарықпен қатар ішкі нарықты да дамытып, оны реттеудің тиімді шешімін таппасақ көмір өнеркәсібінде алдағы ширек ғасырда дағдарыс туындауы бек мүмкін.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МЕРЕЙ

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТПЕН АТТАС ПОЛИЦЕЙЛЕР

Әрбір ата-ана сәбиіне ең жақсы есім қоюға тырысады. Ежелден ата-бабамыз сәбиге ат қою мәселесіне аса мән беріп, оған өте мұқият болған. Сондықтан да, баланың болашағына ықпал етер, талабына жол ашар мағыналы есімдерді таңдаған. Өйткені, есімдердің қойылуына, оның болашақтағы өміріне ғарыштағы планеталардың ықпалы бар көрінеді. Қазақ халқы баласына ат қоярда, сол есімге сай оған жүктелетін жауапкершілікті де ойлап, ырымдап белгілі тұлғалардың есімін берген. Атап айтар болсақ, еліміздің Тәуелсіздігін алған жылы ер балалар арасында Нұрсұлтан ең көп қойылған есімдердің қатарында. Түркістан облысының Ішкі істер саласында елуге жуық Нұрсұлтан есімді полиция қызметкері еңбек етеді. Олардың басым бөлігі Тәуелсіздіктің құрдастары. Қазақстанның Тұңғыш Президенті күніне орай Нұрсұлтан есімді полиция қызметкерлерімен кездесіп, сөйлескен едік. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты үлгі тұтатын полицейлер ардақты есімнің жауапкершілігін сезінетіндерін жасырмады.

Атымды өзгертіп айтқанды ұнатпаймын

Қазіргі таңда Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты Созақ аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы Нұрсұлтан Нұрымбетов еліміз Тәуелсіздік алған 1991 жылы 29 тамызда ОҚО Бәйдібек ауданы, Шаян ауылында дүниеге келіпті. Кейіпкеріміздің атын атасы Құттыбек Нұрымбетов қойған екен. Нұрсұлтан өз есімінің қаншалықты салмақты екенін біледі. Сондықтан атына кір келтірмей, абыройлы жүруді ойлайды. Бәйдібек аудандық пробация қызметіне инспектор болып қызметін бастаған жас түлек 2014 жылы аға инспектор лауазымына көтеріледі. Өткен жылдан бері Созақ аудандық пробация қызметі бөлімінің басшысы болып еңбек етуде.

– Қазір Қазақстанды бүкіл әлем танып үлгерді. Елімізді жаһанға танытқан Елбасымен аттас болғанымa қуанамын. Қазақ халқы ырымшыл халық емес пе, менің атам Құттыбек те ел Президентіндей беделді адам болсын деген ниетпен менің есімімді Нұрсұлтан деп қойса керек. Әрине, аты әлемге танылған тұлғаның есімін арқалап жүру де үлкен міндет. Сонымен қатар, менің есімімді қысқартып немесе өзгертіп айтқанын ұнатпаймын. Себебі, азан шақырып қойған атымды толық Нұрсұлтан деп айтқанын қалаймын – деді Нұрсұлтан Маратұлы.

Нұрсұлтан болғанымa қуанамын, мақтанамын

– Бала кезімнен бастап, әке жолын жалғастырып полиция қызметкері болуды армандадым. 2011 жылы Шымкент университетіне сырттай оқуға түсіп, 2014 жылы құқықтану мамандығы бойынша бакалавр дипломын алдым. 2012 жылы желтоқсан айында ОҚО МКҚБ ММ полиция батальонының полицейі лауазымына жұмысқа орналасып, 2014 жыл ОҚО ІІД Шымкент ҚІІБ Абай ПБ учаскелік полиция инспекторы қызметіне ауыстым. Ал, 2016 ОҚО ІІД ЖПҚ учаскелік полиция инспекторларының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі инспекторы болып қызмет атқардым. 2018 жылы ОҚО ІІД КЖБ қызмет өткеруді ұйымдастыру жөніндегі инспекторының міндетін атқардым. Қазіргі таңда көне шаһарға жұмыс бабымен ауысып келіп, жаңа облыстың көркеюіне өз үлесімді қосудамын. Елімізде 1991 жылдан бастап Тәуелсіздік күні тойланып келеді. Қазір Қазақстанды бүкіл әлем танып үлгерді. Сондықтан да Елбасымызбен аттас болып тәуелсіздіктің құрдасы болғаным мен үшін үлкен абырой», – дейді Нұрсұлтан Түймебаев.

Кейіпкерімізге атасы Нұрсұлтан есімін беруінің өзіндік сыры бар көрінеді.

– Кішкентай кезімде атамнан менің есімімді неге Нұрсұлтан деп қойғанын жиі сұрайтын едім. Сонда атам маған Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев туралы жалықпай әңгімелеп, «Нұрсұлтандай білімді, ел сыйлайтын азамат болсын деген ырымен қойдым» дейтін. Жалпы, есімімнің Нұрсұлтан болғанына қуанамын, мақтанамын – деді Нұрсұлтан Дүйсенғалиұлы.

Елбасымен аттас болу – үлкен жауапкершілік

Нұрсұлтан есімін арқалап жүргендердің бірі – құқық қорғау саласының қызметкері Нұрсұлтан Анафияев. Ол болашағын құқық қорғау саласымен байланыстырып, облысымыздың тыныштығын күзетуде.

2010 жылы ауылдық мектепті тәмамдаған соң, Отан алдындағы борышын өтеу үшін әскерге аттанды. Содан кейін, Шымкент қалалық университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алып, 2018 жылы ҚР ІІМ Көліктегі полиция департаменті Түркістан станциясындағы желілік полиция бөлімінде патрульдік полиция тобының полицейі қызметін атқарудамын.

– Есімімді атам Анафия қойған екен. Елбасымен аттас болу мақтаныш әрі жауапкершілік. Атыма лайық болу үшін мектепте озат оқушы болдым. Жоғары білім алып, мамандық меңгердім. Қазір қоғамның қауіпсіздігі үшін жауап беремін. Ата-анамның үмітін ақтау жолында адал қызмет атқарып келемін, – дейді Нұрсұлтан Сейілбекұлы.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

КҮНДЕСТЕ

ҮЛКЕН ҚҰРМЕТКЕ ИЕ

Бұл мемлекеттік деңгейде аталып өтілетін мейрамның маңызы да ерекше. Тарихы да тереңде жатыр. 1991 жылдың 1 желтоқсанында тұңғыш рет қазақ даласында Президент сайлауы өтті. Бүкілхалықтық сайлауда дауыс берушілердің 98,7 дауысына ие болып бірауыздан Нұрсұлтан Назарбаев ел Президенті атанды. Қазақстанның тағдырын өз қолына алған ұлт көшбасшысы, дәл сол жылы 16 желтоқсанда бабаларымыздың арманына айналған Қазақстанның Тәуелсіздігін бүкіл елге жариялау бақытына ие болды.

Ол елге тәуелсіздік сыйлаған тұлға ретінде де үлкен құрметке ие. Бұл мерекенің тойлануының өзіндік ұлтқа берері мол. Осы мереке арқылы жас ұрпақ Тәуелсіз Қазақстанның тарихын танып, оның ел болып қалыптасу жолында қандай тұлғаның аянбай еңбек еткенін жадында сақтауына үлесін қосады. 1 желтоқсан Қазақстанның шежіресінде үлкен мәнге ие, сондықтан аталмыш күннің Тұңғыш Президет күні ретінде тойлануы заңды құбылыс.

ҚР ұлттық рәміздерін бекітіп, еліміздің тағы бір шегесін нақтылай қақты. Ұлттық валютамыз теңгені айналымға шығарып, алға тағы бір қадам жасады. Одан бөлек елдің дамуы барысында, ең алғашқы маңызды болып саналатын өзге елде жүрген қандастарымыздың табаны туған топыраққа тиді.

Елбасымыздың жастарға деген қамқорлығы да ерекше. Ол болашақ жастардың қолында екенін үнемі айтып отырады. Оларды қолдау үшін барын салады. Осы орайда Елбасының өзінің жеке тапсырмасымен «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылып жыл сайын қаншама қазақтың балалары әлемдегі ең атақты жоғары оқу орындарында білім алып келді.

Бүгінде бүкіл елдің қолдауымен сеніміне ие болып, елді сындарлы жолмен болашаққа айқын бастап келе жатқан Елбасымыздың құрметіне тойланатын –Тұңғыш Президент күні біз үшін де өте қадірлі мереке.

А.АХОНОВА,
БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының» детектив шығармалар бәйгесін ұйымдастырып келе жатқанына биыл төртінші жыл. Осы төрт жыл ішінде қаншама шытырман шығарма дүниеге келді, талай қаламы жүйрік жан детектив жанрында керемет дүниелер тудырды. Бұл біздің байқаудың жеңісі.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген биылғы байқауға **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ** қолдау көрсетіп отыр. Шілде айынан бастау алған додаға қатысуға ниет білдірушілер биыл ерекше көп. Әсіресе, соңғы аптада шығармасын жолдаушылар легі тіпті артты. Олардың көпшілігі оқырманға жетіп үлгермеді. Сондықтан редакция қоржынына түскен шығармаларды желтоқсанның 10-ына дейін газетте, сайтымызда жариялап, оқырманмен таныстыруды жөн деп шештік. Осы аралықта **«Заң газетінде» жарық көрген, zanmedia.kz сайтында** жарияланған шығармаларға қатысты пікірлеріңізді жолдауға мүмкіндік бар. Байқау жеңімпаздарын марапаттау уақыты нақтыланып, қосымша хабарланады.

КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ ІЗІН ЖАЛҒАҒАН ҮЗДІКТЕРДІ БІРГЕ ТАҢДАЙЫҚ, ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

2. «Ломбард 0,2%» ЖШС, БСН 190840003278, микроқаржылық қызметті жүзеге асыру үшін 25.02.2021ж. берілген №07.21.0005.Л лицензиясының әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды.

8. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Жұлдыз» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 090640005984) Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Алтын бала» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына қосылу жолымен қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағым хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Көкшетау қаласы, Васильковский ықшам ауданы, 29- үй, тел. 8(7162)42-56-80, адрес2stars29@aqmoedu.kz, 2stars29@mail.ru электронды мекенжайы бойынша қабылданады.

9. «МФО» Lombardini Finance» ЖШС (БСН 150540001937) қарыз алушыларды орналасқан жерінің өзгеруі туралы хабарлайды. Ағымдағы орналасқан жері: Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Күйші Дина көш., 17, «Аурика» БК, 507 каб.

ТАРАТУ

3. «Көкжиде-А» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. БСН 170640028014, тіркелген күні 26.06.2017ж. Барлық талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады. Индекс 120317. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңарық ауылы, Мұса Рыскелдиев көшесі, 21 үй. Тел: 8775 311 28 58.

4. «Distribution Service» ЖШС, БСН 151240009697 «Distribution Service» ЖШС атынан Қадыров Анвар Қадырұлы, ЖСН 800410301609, қол қойған барлық сенімхаттардың жойылғаны туралы хабарлайды (осы күнгі қаулыдан бастап БСН 151240009697).

5. Қарауыл Қанай-Би ЖШС, БСН 040440000912, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Солтүстік Қазақстан обл.,Аққайың ауд.,Ивановка ауылы,Мира к.,1. Тел.87024849489.

10. «Ломбард три А» ЖШС, БСН 110240018903, 26.03.2021ж. берілген №01.21.0060Л лицензиясы, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруды ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды. Барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға жолығу қажет: Нұр-Сұлтан қаласы, Ә.Молдағұлова көшесі, 24/1-54. Тел.: 87025559002.

МҰРАГЕРЛІК

6. 01.08.2006 жылы қайтыс болған Сыдыков Турсун Сейтовичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к.,60 ү., 2п.Тел.87773677972.

7. 2021 жылы 15 маусымда қайтыс болған Исмагулов Даулет Амерхановичтің мұрагерлік ісінің ашылуына байланысты, барлық мұрагерлердің мына нотариусқа хабарласуын сұраймын: Нурбекова Самал Рымбековна, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай Батыр даңғылы, 11/5-үй, 402-кеңсе, 8-702-7000-888

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

ҚОС ҚҰРБЫНЫҢ ҚУЛЫҒЫ

От ауызды, орақ тілді, өмірге икемді Фариза тез баюды, әдемі киініп, қымбат көлік мініп, кафелер мен мейрамханаларда дәмді тамақтанып, қалаларда қыдырыстап жүруді қиялдайтын. Әлеуметтік желіде де тек жалғанды жалпағынан басып жүрген жандарды көруді жаны қалайтын. Армандап қана қоймай, оны іске асыру жағын да күндіз-түні ойлаумен болатын. «Олардан менің қай жерім кем? Мен де осы өмірдегі бар жақсыға лайықтымын!» деп талайдан бері өзін қайрап жүргенде, іздегенге сұраған дегендей, ойламаған жерден өзі істейтін сұлулық салонына кездейсоқ келіп қалған Ақмаралмен жақын танысып, әңгімелері жараса кетті.

Алғашында тек тұрақты клиент болып жүрген Ақмарал құрбысы бірер аптада тырнақ күтімінің қыр-сырын меңгеріп, сол салонға Фаризаның жанына жұмысқа кіріп алды. Ойлары бір жерден шыққан екі бикеш армандарын жүзеге асырып, тез баюдың айла-тәсілін тапқандай болады. Екеуінің де санасын «басқалар да осындай жолмен тірлік істеп қыруар ақша тауып жатыр ғой, біздің де қолдан келеді!» деген тәтті үміт біріктірді.

«Қаржы пирамидасын құру үшін WhatsApp-тан топ ашып, оған таныстарымызды қосайық, олар өз таныстарын тартсын. Банктен өз шотымызды ашып, соған адамдарды ақша салуға шақырып, салған салымдары 4 күннің ішінде 30 пайыз өсіммен, ал 7 күннің ішінде 50 пайыз өсіммен қайтатыны жөнінде уәде етеміз. Сөйтіп, тез арада байып шыға келеміз, қара да тұр!» – деді Фариза бір күні құрбысына.

Содан кейін құпия қармаққа өзінің тұл жетім 18 жастағы туысын түсіруді көздеп, оны оңай тауып алады. Қамқорлыққа зәру боп өскен қамкөңіл қыздың әдемі сөздермен басын айналдырып, банктен карта ашып, пайдалануға беруді сұрайды. Не керек, ойында түк жоқ аңғал қызды амалдап көндіреді. Осылайша, өзгенің атынан тірлік қылуға мүмкіндік алып, жетім қыздың шотын көрсетіп, әлеуметтік желіден «Қазақ, бай бол!» деп арнайы топ ашады.

Сөйтіп, қос құрбы қулықпен қылмыстық ниеттерін жүзеге асыру мақсатында адамдарды алдап, олардан ақша жинау арқылы оңай олжа табуға қызу кірісіп кетеді. Айтса айтқандай-ақ, оңай олжаға қызығушылар аз емес екен және олардың қатары да күн сайын арта түседі.

Қос құрбы ашқан есепшотқа 7000 теңге жіберген алғашқы клиент 4 күннен кейін 9100 теңге алғанын өз тобында қуана хабарлап жатты. Мұны естіген басқалар да оның соңынан дүркірей ілесіп ала жөнелді. Оңай олжаға қарық болам дегендердің саны аз күнде 200-ден асып жығылды. Қос құрбы қулықтарын іске асыруға жедел кірісіп, WhatsApp әлеуметтік желісі арқылы төленген сомаларды және ақшасын алғандардың алғыс білдірген пікірлерін жұртшылыққа мақтана жариялап, жарнаманы үдете түсті.

Күннен күнге ақша ағыны тасқындап түсе бастаған соң, қос құрбы өздерінің атқарып жүрген негізгі жұмыстарын тастап, ойлап тапқан «жалған бизнестеріне» белсене кірісіп кетті. Кейінгі қатысушылардан түскен ақшаны алдыңғыларына жіберіп, дивидендтерін төлеп, жымысқы ойларын жымын білдірмей жүзеге асырып жүрді. Алайда, орта білімі ғана бар, қаржылық сауаттылықтан жұрдай олар көп ұзамай ақша ағынынан шатаса бастайды. Оның үстіне қолға алған «жаңа жұмыстарына» күнделікті ден қойып, сауатты атқаруға уақыттары да, мүмкіндіктері де болмады. Өйткені, тоқтаусыз түсіп жатқан тасқынды табысқа мас болған жас ханымдардың киім сататын сәнді бутиктерді аралаудан және күнде ән салған шегірткедей әр жаққа секіре көңіл көтеріп, қыдырудан қолдары босамады.

Десек те, қос бикеш қиялдаған тәтті өмір қалай тез басталса, солай тез аяқталды. Салымшыларға үстемеақы тоқтаған кезде топтың белсенді мүшелері наразылықтарын білдірді. Көпшілігі полицияға арызданып, алаяқтарды тауып, жазалауды сұрады. Аз ғана уақыттың ішінде шағымданушылардың саны жүзге жуықтайды. Сол кезде қос құрбы картаны бұғаттап, SIM-карталарды жойып, байланыс аясынан тысқары шығып, арнадан жойылып кетеді.

Толассыз арыздарды мұқият зерттеген полицейлер шұғыл түрде іздеу жұмыстарына кірісіп, әлеуметтік желідегі «Қазақ, бай бол!» тобы еш жерде ресми тіркелмегенін және қаражат түсіп тұрған картаның шын егесі 18 жастағы жетім қыз екенін анықтайды. Бірақ бұл уақытта осынау шытырман қылмысты оқиғадан хабары жоқ ол қыз тұрмысқа шығып, елордаға кетіп қалған екен. Ол куә ретінде Шымкентке шақыртылған соң, қыз өзінің аты-жөнін пайдаланып жасалған құйтырқылықтар жөнінде мүлдем білмейтінін айтып берді. Сондай-ақ, оның туысы туралы тағы да біраз былықтардың беті ашылды.

Қос құрбыны бірден қолға түсіру мүмкін болмады. Фариза екі баласын анасына тастап, өзі Ақмаралмен бірге мекенжайын жария етпей, пәтер жалдап, бой тасалаған. Алайда, көптің көз жасы жіберсін бе, көп ұзамай екеуі де қолға түсті. Содан бұл іс сотқа түсіп, екі айда екі жүзге жуық адамды алдап соққан алаяқтар жазадан құтылған жоқ.

Былтыр Шымкент қаласының Еңбекші аудандық сотында өткен бірнеше сот отырысы барысында судья А.Орақбаева сотталушы Фариза мен Ақмаралдан оқиғаның мән-жайын суыртпақтап сұрай отырып, олардың алдын ала сөз байласуымен өткен жылғы қаңтар айында қаржылай дағдарыс мәселесін оңтайлы әрі жеңіл шешу мақсатында, Фариза әлгі жетім қыздың номерімен ақпараттық жүйені пайдаланып, WhatsApp әлеуметтік месенджері арқылы «Қазақ, бай бол!» арнайы тобын құрғанын және оған көп адамды қаржылай салым жасауға жинау үшін арнайы маркетинг сөз тіркестерін пайдаланып, пайданың белгілі бір пайызы салымшыларға қайтатыны жөнінде жалған қаржылай еселендіру туралы ақпарат таратқанын анықтайды.

Сонымен бірге, судья істі қарау кезінде екі бикештің «Қазақ, бай бол!» тобына қаржылай салым жасау үшін 200-ден астам адамды қосып, олардан 6 191 300 теңге түсіріп, оны кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке тұлғалардың ақшаларын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан мүліктік пайда табу жөніндегі қызметті ұйымдастырғанын және 68 жәбірленушіге мүліктік шығын келтіргенін сот процесі барысында айқындайды.

Осылайша жоғарыда айтылғанның барлығы жәбірленушілер мен куәлердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы және басты сот талқылауы мен сот процесінде берген жауаптарымен, сараптама қорытындысымен тағы басқа да іс бойынша жинақталған дәлелдемелердің жиынтығымен толық дәлелденеді.

Сот үкімі бойынша Керимбаева Фариза мен Усенбекова Ақмарал Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 217-бабы 2-бөлігінің 1), 4) тармақтарында көзделген қылмыстық құқықбұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оларды қаржы ұйымдарында қызметпен айналысу құқығынан 3 жыл мерзімге айыра отырып, 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалып және ол екеуінен жәбірленушілерден жымқырған ақшаны толық көлемде өндіру белгіленді. Аудандық соттың шығарған үкімімен сотталғандар келіспей, Шымкент қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым түсірді. Қалалық соттың апелляциялық алқасы бұл шағымды мұқият қарап, оны қанағаттандырмай, аудандық соттың үкімін өзгеріссіз, яғни толық күшінде қалдыру жөніндегі сот қаулысын шығарды. Бұған да келіспеген Ф.Керимбаева мен А.Усенбекова Жоғарғы Сотқа кассациялық шағым бергенімен, кассациялық алқа ол шағымды зерделей келе, оны қараусыз қалдырды. Осылай бұл іске нүкте қойылып, лайықты жазаларын алған қос қылмыскер жәбірленушілерден олжалаған ақшаларын, оларға толық көлемде қайтарып берді. Сот шешімі орындалуымен құнды дегеніміз осы шығар! Осыған байланысты менің айтайын дегенім, бұл оқиға жұрттың үстінен оңай олжа табам дейтін қара ниеттілерге ой салса деймін.

Қабыл ДҮЙСЕНБИ

Өмірдерек

Осы істі қараған Айнел Қадырәліқызы 2016 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Шымкент қаласының Еңбекші аудандық сотының судьясы болып тағайындалып, содан бері осы сотта еңбек етіп келеді.

Еңбек жолын 2008 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының жетекші маманы болып бастап, кеңсе меңгерушісі қызметіне дейін өскен. Ол М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың заң факультетінің және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлегі. Құқық магистрі ғылыми дәрежесі бар судья Францияда және Ұлыбританияда тағылымдамадан өткен.

ПӘРМЕН

ОТБАСЫ ТЫНЫШТЫҒЫ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ

Отбасы – адамзат баласының жылы мекені, жанына сая болатын киелі ордасы. Оның тыныштығын сақтау, ошақтағы оттың маздауын қадағалау әке мен анаға жүктелетін үлкен жауапкершілік болып табылады.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген дана сөз бар. Осы сөзден ұл тәрбиесінде әкенің, қыз тәрбиесінде ана рөлінің зор екенін көреміз. Ұлтымыз қандай аласапыран замандарды өткерсе де, ғасырлар бойы қалыптасқан ата дәстүр, салт-санадан алшақтаған емес. Қазақ отбасы құндылығын қашан да биік ұстаған дара халық.

Өкінішке орай, отбасы құндылықтарының құлдырауы көңілге қаяу түсіреді. Отбасы тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтың көбеюі бүгінгі қоғамның басты кеселі екені белгілі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сай отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңсыз іс-әрекет жасағандарға жауапкершілік 73-бапта көзделген. Оған айналасындағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған әрекеттер жатады. Егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгісі болмаса, әкімшілік құқықбұзушылық болып саналады. Отбасы-тұрмыстық қатынастарға ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар жатады. Аталған бап бойынша жасалатын құқықбұзушылықтың көбі отағасының ішімдік ішуінен орын алады. Атырау қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында 2021 жылы 9 айда отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы заң бұзушылықтар бойынша 730 әкімшілік іс түсіп, 667 әкімшілік іс қаралып, 265 әкімшілік іс тараптардың татуласуымен аяқталған.

Бұл көрсеткіш ел боламын, саликалы ұрпақ тәрбиелеймін деген ата-ана үшін аз көрсеткіш емес. Үлкендеріміздің «Отбасынан бас кетсе, қазаннан ас кетеді» деген жақсы сөзі бар. Отбасы мүшелерінің бірін-бірі былапыт сөздермен былғауы, сыйламауы шаңырақтың береке-бірлігінің, тату тірлігінің шырқын кетіретіні сөзсіз. Сотқа жүгінбей, «қол сынса, жең ішінденің...» кебін киіп жүрген отбасы қаншама? М.Әуезовтің «Қазақ мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе...» деген керемет сөзі бар. Расында ұрпақ тәрбиесіндегі әке мен ананың атқаратын қызметіне ешнәрсені теңестіру мүмкін емес. Бар тәрбие балаға ең алдымен үйдегі әке мен анадан беріледі. Ал ұлықты ұл тәрбелеймін деген әке өз шаңырағын шайқап жүрсе, анамыз ошағын маздата алмай мазаланса, ұрпақ тәрбиесі қайда қалмақ? Бала тәрбиесіндегі татулық, жылулық, сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерінің қайнар көзі – ата-ана.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт келешегінің кепілі. Атаның қанымен, ананың сүтімен келген ізгі қасиеттерді бойына сіңіріп өскен баланың ел болашағына қызмет етер айбынды тұлға болып қалыптасатыны анық. Отан отбасынан басталады десек, отымыздың сөнбеуіне себепкер болайық. Отбасы тыныштығы заңмен емес, махаббат, мейірім сияқты асыл қасиеттермен қорғалса деймін.

Самал АБУГАЛИЕВА,
Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №175 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31